




ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Испания Королі VI Фелипеге құттықтау жеделхатын жолдады.


Қазақстан Президенті Король VI Фелипе мен барша испан халқын Испания ұлттық құрамасының футболдан әлем біріншілігіндегі жарқын жеңісімен және екі дүркін әлем чемпионы атануымен құттықтады.

— Ұлттық құраманың жоғары шеберлігі, үйлесімді командалық ойыны және жеңіске деген жігері миллиондаған жанкүйерді тәнті етті. Испанияның жаһандық деңгейде мойындалған футболдан озық тәжірибесі баршаға үлгі. Осы ретте биыл Қазақстанда «Атлетико Мадрид» клубы академиясының ашылғанын ерекше қуанышпен атап өтемін. Бұл бастама халықтарымыз арасындағы достық пен сан қырлы ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ жастар арасындағы байланыстарды тереңдетуге зор серпін береріне кәміл сенемін, — деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев VI Фелипенің ел мүддесіне бағытталған игі бастамаларына сәттілік, ал достас испан халқына бақ-береке тіледі.

«ОҢАЙ ТАБЫС» ҚЫМБАТҚА ТҮСУІ МҮМКІН

Кейінгі жылдары Қазақстанда интернет-алаяқтықпен қатар бұрын көпшілікке беймәлім болған «дропперлік» ұғымы жиі айтыла бастады. Бұрын азаматтар өз банк картасын бөтен адамға уақытша пайдалануға беру немесе өз шоты арқылы ақша аудару үлкен қауіп төндіреді деп ойламайтын. Ал бүгінде мұндай әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.



→ 5

БІРЫҢҒАЙ QR: ЖАҢА ЖҮЙЕ ТӨЛЕМ НАРЫҒЫН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ?



Қазақстанда банкаралық бірыңғай QR төлем жүйесі іске қосылды. Енді тұтынушы қай банктің клиенті екеніне қарамастан, кез келген банктің мобильді қосымшасы арқылы ортақ QR-кодпен төлем жасай алады. Бұл – қолма-қол ақшасыз төлем нарығындағы маңызды өзгерістердің бірі. Жаңа жүйе шын мәнінде бірнеше банктің терминалдарын бір QR-кодпен алмастыра ала ма? Сарапшылардың пікірінше, оның болашағы технологияның өзіне емес, комиссиялық саясатқа байланысты.

→ 4



ШАНХАЙ САПАРЫ: МАЗМҰНДЫ МӘМІЛЕЛЕР МҰРАТЫ

Өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Шанхайға жұмыс сапарымен барған болатын. Президент шығыста бірнеше маңызды кездесу өткізіп, келіссөздер жүргізді. Соның ішінде Қытайдың жетекші компаниялары басшыларының басын қосып, үлкен жиын да өткені белгілі. Осы тұста мәмілелердің мазмұнына үңіліп, шолу жасауды жөн көрдік.

КӨКЖИЕГІ КЕҢ КЕЛІСІМДЕР

Әуелі КХР-дың бизнес өкілдерімен «дөңгелек үстел» форматында өткен кездесудің жайына үңілейік. Басқосуда Президент қытайлық серіктестерге шынайы ризашылығын білдіріп, Қазақстан мен Қытай арасындағы мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық әріптестікке жоғары баға берді. Мемлекет басшысының айтуынша, жоғары деңгейдегі саяси сенім сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге берік негіз қаламақ.

— Былтыр екіжақты сауда көлемі 49 миллиард долларға жетті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Қытай Қазақстан экономикасына 30 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Қазір Қазақстанда қытай капиталы бар 8500-ден астам кәсіпорын табысты жұмыс істеп жатыр. Соның ішінде CNPC, CITIC және Huawei сияқты ірі компанияларды атап өту қажет. Біз Қытай бизнес өкілдерінің Қазақстан экономикасын жаңғыртуға сүбелі үлес қосып жатқанын жоғары бағалаймыз. Өткен жылдары елдеріміз көптеген

маңызды жобаны бірге табысты жүзеге асырды. Соның нәтижесінде жұмыс орындарын аштық, озық технологияларды енгіздік және өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастығымызды нығайта түстік. Бүгін де жаңа стратегиялық жобаларды бірлесіп іске асырып жатырмыз. Атап айтқанда, Sinopec компаниясымен ірі газ-химия кешені, Fufeng Group компаниясымен жүгеріні терең өңдеу зауыты, Lihua Group компаниясымен заманауи мұқта-тоқыма кластері құрылысын қолға алдық. Қытайдың автокөлік кәсіпорындары Қазақстанда өндіріс орындарын аша бастады. Мысалы, елімізде HOWO, Yutong және JAC брендтері шығарылады. Былтыр Changan, Great Wall Motor, сондай-ақ Chery мультибрендті автомобиль өндірісі іске қосылды. Бұл жобалар біздің екіжақты әріптестігіміз инновацияға, озық технология мен өнеркәсіпті жаңғырту ісіне негізделіп отырғанын көрсетеді, — деді Президент.

Жалпы, бір ғана жиынның өзінде өте сапалы әрі мәнді келісімдер жасалғанын көрдік. Оның үстіне, бір емес, бірнеше бағыт қамтылды. Айта-

лық, жасанды интеллектіден бастап, логистика, жаңа технологиялар, инфрақұрылым, автомобиль өндірісі саласын қамтыған бас-аяғы 17 келісімге қол қойылды. Тіпті келісімдердің ішінде ең назар аударар тұс — «Алпур компаниялар тобы» АҚ мен Li Auto Inc. Арасындағы көлік өндірісі бойынша мәліме. 2025 жылдың өзінде көпшілікке жақсы танымал көлік маркасының әлемде 406 мыңнан астам данасы сатылған. Енді дизайны мен сапасы ерекше автомобиль Қазақстанда құрастырылып бастамақ.

Мемлекет басшысының Шанхайға жұмыс сапары аясында жалпы құны 15 миллиард доллардан асатын 70-тен астам коммерциялық келісім мен меморандумға қол қойылған екен. Бұл құжаттар жасанды интеллект, цифрландыру, көлік инфрақұрылымы, қаржы, агроөнеркәсіп кешені, машина жасау және басқа да жоғары технологиялық салаларды қамтиды. Осылайша, шығыстағы көршімен келісімдер арқылы еліміз іс жүзінде дамудың жаңа белесіне қадам баспақ.

(Жалғасы 2-бетте)

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Әділетті Қазақстанда еңбек адамы ең бірінші орында болуы керек деп ұрандатып жүрміз. Бірақ елімізде жыл сайын жүздеген жұмысшы өндіріс алаңында ажал құшып, мыңдаған азамат жазатайым жарақат алады. Әрбір апаттан кейін арнаулы комиссиялар құрылады, ресми есептер жазылып, кінәлі деп танылғандар жауапқа тартылады. Соған қарамастан, басқа шахтада немесе зауытта дәл сондай трагедия қайталанып жатады. Мемлекет осы келеңсіз құбылыспен күресу жолында қандай шаралар қабылдап жатыр?



→ 2

ШАНХАЙ САПАРАЫ: МАЗМҰНДЫ МӘМІЛЕЛЕР МҰРАТЫ

(Басы 1-бетте)

АЛПАУЫТТАРДЫҢ АҒЫНЫ

Шанхайға жұмыс сапары аясында Мемлекет басшысы жаһан нарығына танымал бірнеше алпауыт компанияның басшыларын қабылдағанын айта кеткен абзал. Мәселен, Президент Xiaomi корпорациясының президенті Лу Вэйбинмен кездесті. Жоғары технологиялар саласында әлемдік көшбасшылардың бірі саналатын компанияның жетекшісімен әңгімелесу барысында өзара тиімді ынтымақтастық перспективасы талқыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның заманауи цифрлық экономика қалыптастыруға, жасанды интеллект пен жоғары технологиялық өнеркәсіпті дамытуға баса мән беріп отырғанын айтты. Мемлекет басшысы өңірде Xiaomi брендіне сұраныс арта түскенін атап өтті. Компанияның озық технологияларды игеруде тәжірибесі мол екенін ескеріп, жасанды интеллектті, есептеуіш қуатын, «бұлтты» технологияларды және цифрлық платформаларды дамыту бағытында бірлескен жобаларды іске асыру әлеуетін зерделеп көру ұсынылды.

Бұл ретте Президент еліміздің электромобиль, аккумулятор өндірісін жолға қоюға, сондай-ақ интеллектуалдық көлік жүйелерін дамытуға мүдделі екенін жеткізді.

Былтыр, яғни 2025 жылы Xiaomi өз тарихындағы ең табысты жылын өткізгенін айта кеткен жөн. Жалпы табысы 57 млрд доллардан асты. Бұл компания технологияға өте қомақты қаржы салып жатыр, көрсеткіш былтыр 4,9 млрд долларға жетті. Бұған қоса, Xiaomi қазір тек смартфон шығаратын компания емес, бірнеше бағытты қатар алып келеді. Электромобиль өндірісінен бастап, жасанды интеллект, ақылды үй экожүйесі саласында жобалары бар. Сарапшылардың көбі алдағы 5-10 жылда компания жасанды интеллект нарығында көшбасшыға айналуы мүмкін екенін де болжаған. Демек, бұл мәміледен Қазақстан ұтпаса, керісінше ұтылмайды.

Бұдан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Contemporary Amperex Technology Co. Ltd. (CATL) директорлар кеңесінің төн төрағасы Пань Цзяньмен жоғары технология саласындағы ұзақмерзімді ынтымақтастық перспективасын талқылады.

Мемлекет басшысы CATL компаниясының елімізде аккумулятор батареяларын шығаратын зауыт салу бастамасын құптады. Бұл кәсіпорын Орталық Азияда осындай ауқымдағы алғашқы өндіріс орнына айналуы мүмкін. Президент Қазақстанның шикізатты өңдеуден бастап дайын өнім шығаруға дейінгі тұтас өндірістік циклді қалыптастыруға мүмкіндігі толық жететінін атап өтті.



Өз кезегінде Пань Цзянь CATL Қазақстанды компания қызметінің басты бағыттары бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыратын маңызды әрі сенімді серіктес ретінде қарастыратынын жеткізді. Сонымен қатар оның компаниясы Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі стратегиялық мақсатына жәрдемдесе алатынын айтты.

Айта кетейік, Contemporary Amperex Technology (CATL) 2011 жылы құрылған, электромобильдерге арналған аккумулятор өндірісі бойынша әлемдік көшбасшы саналады (нарықтың 40 пайызы) және Қытайдағы белгілі әрі ірі компаниялар қатарына кіреді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша CATL аккумулятор өнімдерін сату көлемі 661 ГВт-сағатқа жетіп, табыс 62,6 миллиард долларды, соның ішінде таза пайда 10,6 миллиард долларды құрады.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ

Осыдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев China Communications Construction Company президенті Чжан Биньнанды қабылдады. Кездесуде еліміздің көлік-

логистикалық және энергетикалық әлеуетін нығайту тұрғысынан стратегиялық маңызға ие бірлескен жобаларды жүзеге асыру барысы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстанда біраз жылдан бері жұмыс істеп, күрделі инфрақұрылымдық шешімдерді табысты іске асырған CCCC компаниясы бүгінде сенімді әрі кәсіби серіктес ретінде танылғанын айтты. Президент Бакты – Аягөз теміржол құрылысының стратегиялық мәніне назар аударды. Бұл желі Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк тасымалын айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік бермек.

Бұдан бөлек, Каспий теңізінің табанын тереңдету жұмыстарын жүргізу үшін бірлескен кәсіпорын құрудың маңызы атап өтілді. Мемлекет басшысы бірлескен кәсіпорын Каспий маңы елдері мен одан тысқары жерлерде қауіпсіз теңіз қатынасын қамтамасыз ету қызметін ұсынатын өңірлік орталық қалыптастыруға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Әңгімелесу барысында энергетика саласындағы келешегі зор бастамалар талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы сапар аясында Қазақстандағы алғашқы

гидрожинақтаушы электр стансасы құрылысының жобасын бірлесе әзірлеу туралы келісімге қол қойылуын құптады. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл нысан ұлттық энергия жүйесін нығайта түседі. Қуаттылығы 600 МВт болатын гидростансаны CCCC компаниясына еншілес China International Water & Electric Corporation кәсіпорнының қатысуымен Алматы облысындағы Қарғалы өзенінде салу жоспарланып отыр.

Жалпы, China Communications Construction Company – Қытайдағы ең ірі мемлекеттік инфрақұрылым және құрылыс корпорацияларының бірі. Компания жолдар, көпірлер, туннельдер, теңіз порттары, теміржолдар, әуежайлар және жағалауды қалпына келтіру жобаларын жүзеге асырады. Оның жобалары 150-ден астам елде бар. Компания Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасының негізгі мердігерлерінің бірі. Яғни Қазақстан аумағында тәжірибесі бар. Былтыр компания шамамен 106 млрд доллар пайда тапқан. Шетелдегі тапсырыстары үнемі көбейіп жатыр.

Кездесулер бұнымен шектелген жоқ. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Guoyou Materials Industry Group Co., Ltd компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Юй Боян порт инфрақұрылымы саласындағы өзара тиімді ынтымақтастық перспективасын талқылады. Мемлекет басшысы Қазақстан Еуразияның толыққанды көлік хабына айналу жөнінде өршіл мақсат қойып отырғанын атап өтті.

Осы орайда Президент еліміздің аумағында мультимодальді портты хаб құру туралы бастаманы құптады. Guoyou Materials Group компаниясы Маңғыстау облысында Құрық көпфункционалды портын салуды жоспарлап отыр. Жобаны жүзеге асырудың алғашқы жылында корпорация жүк өткізу көлемін 15 миллион тоннаға дейін жеткізуді көздейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы ауқымды жобаны іске асыру теңіз бен теміржол логистикасын ұштастыра дамытып, аймақтағы көлік инфрақұрылымының өткізу ауқымын кеңейте түсетініне, сондай-ақ Қазақстанның экспорттық және транзиттік әлеуетін арттыратынына сенім білдірді.

Өз кезегінде Юй Боян Мемлекет басшысына жоба жайында егжей-тегжейлі баяндап, Каспийдегі теңіз тасымалының келешегіне қатысты ой-пікірімен бөлісті. Әңгімелесу барысында портты хаб салу арқылы жұмыс орындарын ашу, саладағы кадрлық әлеуетті нығайту, қазақстандық тауар мен қызметтерді пайдалану сияқты ұзақмерзімді әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге жол ашылатынына назар аударылды.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысының Шанхайға жұмыс сапары өте маңызды келісімдерге қол жеткізген кезең болды. Алпауыттармен бірлескен жобалар тек қаржы, инвестиция, инфрақұрылым жағынан емес, тәжірибе тұрғысынан да пайда беретіні анық. Демек, осы арқылы Қазақстан азаматтары да жаңа технологиялық жобаларға жетекші бола алады.

М.ТӨЛЕУ

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Әділетті Қазақстанда еңбек адамы ең бірінші орында болуы керек деп ұрандатып жүрміз. Бірақ елімізде жыл сайын жүздеген жұмысшы өндіріс алаңында ажал құшып, мыңдаған азамат жазатайым жарақат алады. Әрбір апаттан кейін арнаулы комиссиялар құрылады, ресми есептер жазылып, кінәлі деп танылғандар жауапқа тартылады. Соған қарамастан, басқа шахтада немесе зауытта дәл сондай трагедия қайталанып жатады. Мемлекет осы келеңсіз құбылыспен күресу жолында қандай шаралар қабылдап жатыр?

ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАУҒА ТИІС ЕСЕП

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің есебіне сенсек, республика көлемінде жылына орташа есеппен 1 300-1 400 азамат жұмыс орнында зардап шегеді. Ұлттық статистика бюросы медициналық мекемелердің дәрегіне сүйеніп, бұл көрсеткішті 2,5 мыңға бір-ақ апарайды. Қарағандыдағы Костенко шахтасында метан жарылысынан 46 кеншінің көз жұмы, Павлодардағы «Май-қайыналтын» ойығына автобус құлап, төрт құтқарушының апатқа ұшырауы, Қағмет, «Қазакмыс» нысандарындағы қайғылы оқиғалар өндірістегі қауіпсіздік дағдарысының шын мәнінде қаншалықты өзекті екенін көрсетеді.

Халықаралық еңбек ұйымының рейтингінде Қазақстан өндірістегі өлім-жітім саны бойынша 83 мемлекеттің ішінде 58-орында тұр. Еліміздегі қаза-табу коэффициенті 100 мың жұмыскерге шаққанда 4,5 адамнан айналады. Әлемдік стандарттармен салыстырсақ, Жапонияда бұл көрсеткіш — 1,5, Германияда — 0,7, Ұлыбритания — 0,4 адам. Демек, біздегі көрсеткіш дамыған мемлекеттерге қарағанда 6-10 есе жоғары. Отандық кәсіпорындардың жеңіл және орташа жарақаттарды көп ретте жасырып қалатынын ескерсек, айырмашылық тіптен еселене түседі.

Мемлекеттік еңбек инспекциясы мен Ұлттық статистика бюросының мәліметтерін біріктіргенде ең қауіпті үш саланың антирекордын айқын аңғарамыз. Қаралы көш басындағы өңдеу өнеркәсібіне оқыс оқиғалардың 30-32 пайызы тиесілі. Металлургия, машина



Елар КАБА (қолдау)

жасау, химия өндірісінде конвейерлік жабдықтармен жұмыс істеу барысындағы жарақаттар, күйік шалу секілді жазатайым жағдай көп. Тау-кен өнеркәсібі 15-19 пайызбен екінші орынға орныққанымен, ол өліммен аяқталу коэффициенті және мүгедектікке әкеп соғу деңгейі жағынан бірінші орында. Құрылыс саласындағы көрсеткіш — 12-15 пайыз. Онда биіктен құлау, қауіпсіздік техникасының сақталмауы, біліктілігі төмен жұмысшыларды тарту, субмердігерлік жүйенің реттелмеуі сынды тұрақты проблемалар бар.

Дегенмен кейінгі кезде оң динамика байқалады. Мысалы, Ұлттық статистика бюросының толық қорытындысына сәйкес, 2025 жылы кәсіпорындарда жазатайым оқиғалардан 2 368 азамат зардап шеккен. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 12,3 пайыз аз. Ал ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің ақпаратына жүгінсек, биыл алғашқы жартыжылдықта қауіпті өндірістік нысандарда 5 адам қайтыс болған, яғни былтырғы дәл осы кезеңмен салыстырғанда (15 адам) үш есе кеміген. Жарақат алғандар саны да 8-ден 6-ға дейін төмендеген. Алайда сарапшылар бұған қарап өндірістегі апаттар түгел ауыздықталды деп тұжырым түюге асықпау керегін ескертеді. Себебі бұл — тек ТЖМ есебіндегі ірі қауіпті нысандардың көрсеткіші ғана. Құрылыс, транспорт, өңдеу өнеркәсібіндегі жалпы

еңбек жаракатының деңгейі әлі де дабыл қағатын дәрежеде.

ҚАУІПСІЗДІКТІ НЕГІЗГЕ АЛҒАН ҚҰЖАТ

Сондықтан мемлекет жұмысшылар үшін тәуекелі жоғары компаниялардың қызметіне жан-жақты қатан бақылау орнатып отыр. Сәуір айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Аталмыш нормативтік акт өнеркәсіп нысандарына талапты күшейтіп, жазатайым оқиғаларды тергейтін комиссиялардың өкілеттігін кеңейтуге жол ашты. Құзырлы мекемелер нақты мақсатқа қол жеткізу жолында көптеген шара қабылдап жатыр.

Былтыр жұмыстағы жазатайым жағдайлардан 2 368 азамат зардап шеккенін айттық. Бұл цифрды сала-салаға жіліктесек, жарақат алғандар мен қаза тапқандардың 34,2 пайызы (796 адам) өңдеу өнеркәсібінде екен. Шахталарда, кеніштерде нәм өзге де өндіруші нысандарда 380 қазақстандық апатқа ұшыраған. Оқыс оқиғалар ең көп тіркелген экономикалық секторлар қатарына құрылыс (198

адам), денсаулық сақтау (189 адам) және логистика (149 адам) да кіреді.

Тағы бір маңызды жайт, биыл Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мамандары жұмыс берушілер жасырып қалған 39 өндірістік жарақаттану фактісін тіркеген. Мұндай жағдайлар көбіне қызмет көрсету саласындағы жекеменшік компанияларда жиі кездеседі.

Инспектор демекші, қазір Қазақстанда 250-дей инспектор қызмет атқарады. Халықаралық еңбек ұйымының талабында 10 мың жұмысшыға бір мемлекеттік инспектордан келуге тиіс делінген. Енді мұны елдегі 7 млн-ға жуық жұмыскердің санына шаққанда, бізге инспекторлар штатын кемінде 3 есе көбейту керегін түсінеміз.

ТЖМ-да бірнеше жыл бұрын Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті құрылған. Оның мамандары технологиялық үдерістердің қауіпсіздігін бақылаумен айналысады. Былтырғы қадағалау қызметінің қорытындылары өндірістердегі заңбұзушылықтардың алын алу жүйесі қалай өзгергенін айғақтайды. Мәселен, 2024-2025 жылдары өнеркәсіптік кәсіпорындарда анықталған заңбұзушылықтар саны шамалас болғанымен, комитет инспекторлары нысандардың жұмысын уақытша тоқтату шараларын көбірек қолдана бастаған. Егер 2024 жылы заңбұзушылықтар жойылғанға дейін 445 кәсіпорынның жұмысы тоқтатылса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 1,8 мыңға жетіп, 4 есе артқан.

ТЖМ басшысы Шыңғыс Әрінов өз баяндамасында жыл басынан бері бүкіл кәсіпорында қамтитын мемлекеттік бақылаудың жаңа тетігі енгізілгенін хабарлады. Министрлік Халықаралық еңбек ұйымының жаңа стандарттарымен ұлттық заңнаманы үйлестіру бағытын айнымай ұстанады. Бұдан былай салада цифрландыру мен жасанды интеллектті қолдануға басымдық беріледі. Атап айтқанда, ТЖМ тапсырысымен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында «е-ТМЖ» цифрлық платформасы әзірленуде. Жоба жыл соңына дейін аяқталмақ. Сондай-ақ Үкімет «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік» сервистік автоматтандырылған жүйесін әртүрлі ведомствонның ақпараттық жүйелерімен біріктірмек.

БАСТАМАНЫҢ БАҒЫТЫ

Жұмыстағы жазатайым оқиғалардың барынша алдын алу мақсатында Төтенше жағдайлар министрлігінің мамандары Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің сарапшыларымен бірлесіп жер қойнауын пайдаланушылардың қауіпсіздікке мей-

лінше молырақ инвестиция салуы жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеген. Мысалы, 55 шахта мен кен орнын тексергенде олардың 18 пайызында (10 нысан) төтенше жағдай кезінде қызметкерлерді табу және іздеу жүйесі жоқ екені белгілі болған. 10 нысанның үшеуімен осындай жүйелерді қаржыландыру туралы келісім жасалыпты, тағы бес ұйым техникалық шешімдерді іздестіріп, технология түрлерін таңдауға кіріскен. Қалған 45 нысан да қауіпсіздік жабдықтарын жаңарту жұмыстарына зору дейді министр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек саласындағы процестерді цифрландыруға тырысып, біршама жұмыс жүргізген. Соның арқасында өндірістік жарақаттарды азайтуға үлкен мүмкіндіктер туған. Ведомство цифрландыру арқылы еңбек нарығын көлеңкеден шығарып, жұмыс берушілерді қызметкер құжатын заң талаптарына сай рәсімдеуге мәжбүрлейді. Бұл бір жағынан жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғаса, екінші жағынан жазатайым оқиға жағдайында өтемақылдардың еш кедергісіз төленуіне көмектеседі. Осы орайда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаевтың сөзінше, азаматтардың жұмысын заңдастыру және сақтандыру шаралары басты басымдық ретінде қарастырылады.

— Бүгінгі таңда жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырумен 118 мың кәсіпорын қамтылған, бұл жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың жалпы санының 68 пайызына пара-пар. 19 мың ұжымдық шарт цифрландырылды, бұл былтырғы көрсеткіштен екі есе артық. Жыл басынан бері 170 профилактикалық бақылау тексерісі жүргізілді. 2025 жылдың сәйкес кезеңінде салыстырғанда қамту көрсеткіші 2,5 есе өсті, — дейді сала жетекшісі.

Министрлік өндірістегі оқыс оқиғалардың 34,9 пайызы жұмысшының өрескел абайсыздығынан, 28,3 пайызы жұмыс өндірісін нашар ұйымдастырудан, 7,1 пайызы еңбекті қорғау және қауіпсіздік қағидаларын бұзудан, 9,1 пайызы жол-көлік ережелерін сақтамаудан болады деген статистика ұсынды. Біздіңше, бұған өндірістегі құрал-жабдықтардың 60 пайызы ескіріген деген айдан анық деректі де қоса кету керек.

Қысқасы, жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету — Үкімет алдындағы кезек күттірмейтін міндет. Өйткені Әділетті Қазақстан биліктің пәрменімен ғана емес, әр азаматтың еңбегімен құрылады.

Айдар ДӘУІТҰЛЫ

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН
ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ**

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

**ЖЫЛ БАСЫНАН
БЕРІ 205
ИНТЕРНЕТ-РЕСУРС
БҰҒАТТАЛДЫ**

Бас прокуратура баспасөз қызметінің хабарлауынша, Солтүстік Қазақстан облысының прокурорлары заңсыз контенті бар топтарды бұғаттаған.



Қадағалау органы әлеуметтік желілер мониторингін шеңберінде экстремистік, террористік сипаттағы ақпарат, жасөспірімдердің суицидін насихаттау және балаларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттері таратылған топтарды анықтады.

Мысалы, POZOR PETRO Telegram-арнасында көмелетке толмағандардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін посттар, сондай-ақ сексуалдық сипаттағы бейнероликтер орналастырылған.

«Киберқадағалау» ақпараттық жүйесі арқылы қабылданған шаралардың арқасында аталған топтарға кіру бұғатталған.

Жыл басынан бері облыс прокуратурасы заңсыз контенті бар 205 интернет-ресурсты бұғаттады.

Облыстық прокуратура ата-аналарды кәмелетке толмаған жасөспірімдердің ақпараттық қауіпсіздігіне ерекше назар аударуға, олардың интернет-белсенділігіне қызығушылық танытуға және олар қарайтын контенттерді бақылауға шақырады.

Ата-аналар тарапынан уақытылы назар аудару, интернет желісіндегі қауіпсіз мінез-құлық туралы үнемі әңгімелесу және әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің пайдаланылуын бақылау балаларды құқыққа қайшы әрекеттерге тартудың және зиянды мазмұнды тартудың алдын алудың маңызды шаралары болып табылады.

Омар ҰЛАРБЕКҰЛЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ – БІЛІКТІ КАДР КЕПІЛІ

Қазақстанда халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жетекші шетелдік университеттердің филиалдарын ашу Қазақстанда әртүрлі салалар бойынша кадрларды даярлаудың жаңа моделін қалыптастырудағы маңызды қадам. Мұндай жобалар білім беру сапасын арттырып қана қоймай, халықаралық тәжірибені енгізуге, академиялық ортаны дамытуға және ел экономикасының түрлі саласына қажетті жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға берік негіз қалайды.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Осынау жүйелі жұмыстың бірі Шымкент қаласында жүзеге асып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асырылып жатқан бастамалар отандық жоғары білім беру жүйесін жаңа сапалық деңгейге көтеруге жол ашып отыр. Соның жарқын көрінісінің бірі — Шымкент қаласындағы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті жанынан Түркияның беделді Гази университетінің филиалының ашылуы.

Биыл филиал 2026-2027 оқу жылына талапкерлерді қабылдау науқанын бастап, білімге ұмтылған жастардың зор қызығушылығына ие болды. Биылғы оқу жылына 100 мемлекеттік білім гранты бөлініс конкурсына қатысуға 150-ге жуық талапкер ниет білдірген. Бұл көрсеткіш жастардың халықаралық стандарттарға сай білім алуға және шетелдік жоғары оқу орнының бағдарламасы бойынша оқуға деген сұранысының жоғары екенін аңғартады. Қабылдау емтихандары халықаралық талаптарға сәйкес екі кезең бойынша ұйымдастырылды. Алғашқы кезеңде талапкерлер жазбаша емтихан тапсырып, өздерінің теориялық дайындығы мен академиялық білім деңгейін көрсетті. Жоғары нәтиже көрсеткен талапкерлер ғана екінші кезең әңгімелесуге жолдамалды. Әңгімелесу барысында үміткерлердің кәсіби мотивациясы, педагогикалық ойлау қабілеті, сыни және аналитикалық ойлауы, көшбасшылық қасиеттері, коммуникациялық дағдылары және болашақ мамандыққа деген көзқарасы жан-жақты бағаланды.

Кабылдау емтихандарынын әділ әрі ашық өтуін қамтамасыз ету мақсатында іріктеу жұмыстарын Түркияның Гази университетінен арнайы келген профессорлар жүргізуде. Бұл талапкерлердің білімін халықаралық академиялық талаптар негізінде бағалауға мүмкіндік беріп қана қоймай, қабылдау үдерісініңн ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Алғашқы емтиханның басталуына Әзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Басқарма төрағасы – Ректор Қайрат Балабиев қатысып, талапкерлерге сөтлік тіледі.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жөніндегі тапсырмасы аясында, Ғылым және жоғары білім министрлігінің

қолдауымен жүзеге асқан бұл жаба — Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруге бағытталған маңызды бастама. Бұл бастама Қазақстан мен Түркия арасындағы академиялық ынтымақтастықты жаңа деңгейге шығарып қана қоймай, педагогикалық білімнің сапасын арттыруға, әлемдік озық тәжірибені енгізуге және еңбек нарығына сұранысқа ие білікті мамандар даярлауға ықпал етеді. Біздің мақсатымыз — қабылдау емтихандарының жоғары деңгейге, әділ әрі ашық өтуін қамтамасыз етіп, та-

Қазақстан және Түркия жоғары оқу орындарының талаптарына сәйкес әзірленген бағдарламалар бойынша оқып, халықаралық деңгейде мойындалатын екі диплом алу мүмкіндігіне ие болады. Бұл түлектердің елімізде ғана емес, шетелде де кәсіби мансап құруына жол ашады.

ҰБТ-дан 111 балл жинаған Шымкент қаласының түлегі Жұмабек Гүлсезім де тандауының дәл осы оқу орнына түсу себебін ерекше атап өтті.

– Маған ең алдымен осы университеттің екі дипломдық білім



Қабылдау емтихандарының әділ әрі ашық өтуін қамтамасыз ету мақсатында іріктеу жұмыстарын Түркияның Гази университетінен арнайы келген профессорлар жүргізуде. Бұл талапкерлердің білімін халықаралық академиялық талаптар негізінде бағалауға мүмкіндік беріп қана қоймай, қабылдау үдерісінің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Алғашқы емтиханның басталуына Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Басқарма төрағасы – Ректор Қайрат Балабиев қатысып, талапкерлерге сәттілік тіледі.

лапкерлерге барлық қажетті жағдай жасау, — деді Қайрат Рахымұлы.

Бүгінде еңбек нарығында тек теориялық біліммен шектелмейтін, бірнеше тілді меңгерген, халықаралық тәжірибеге бейімделген, заманауи технологияларды еркін қолданатын мамандарға сұраныс артып келеді. Осы тұрғыдан алғанда Гази университеті филиалы кадрларды даярлаудың жаңа моделін қалыптастыруға бағытталған маңызды білім беру алаңына айналууда. Мұнда білім беру бағдарламалары халықаралық стандарттарға негізделіп, оқу үдерісіне шетелдік профессорлар тартылып, академиялық ұтқырық мүмкіндіктері қарастырылған. Филиалда білім алатын студенттер

беру жүйесі ұнады. Сонымен қатар шетелдік профессорлардан дәріс алып, халықаралық деңгейдегі білім алу мүмкіндігі қызықтырды. Жазбаша емтиханда оқылым және тыңдалым бағыттары бойынша түрлі тәсірлер орындалды. Емтихан жоғары деңгейде ұйымдастырылды, — дейді талапкер.

Бүгінгі талапкер ертенгі ел дамуына улес қосатын маман. Сондықтан халықаралық білім беру тәжірибесін елімізге енгізу, үздік университеттердің мүмкіндігін қазақстандық жастарға ұсыну — болашаққа салынған инвестиция. Гази университеті филиалының жұмысы да осы мақсатқа қызмет етіп, жаңа буын кәсіби мамандарын даярлауға берік негіз қалайды.

НАРЫҚ

21 ШІЛДЕ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Президент «Қазақстанда цифрлық активтер индустриясын ынталандыру және дамыту жөніндегі шаралар туралы» №1347 Жарлыққа қол қойды. Жаңа тұрпатты бұл құжатты Қазақстанның қаржылық болашағына салынған «цифрлық көпір» десе де болады. Ол қазақстандықтарды криптовалюталарды, стейблкоиндерді және басқасын сатып алуға жетелейді. Елде цифрлық активтер нарығының дамуына жаңа серпін береді. Жаңа мемлекеттік органдар құрылады. Тұтас цифрлық қаланың салынуына, ондағы цифрлық жобалардың жүзеге асуына басымдық бермек.

А Айхан ШӘРІП

КРИПТОНАРЫҚ – ЗАҢ ӨРІСІНДЕ

Байқасаныз, бүгінде дәстүрлі қаржы саласы мен цифрлық активтер әртүрлі әлемде өмір сүріп жатқандай. Ал бұл Жарлық — осы екі әлемді бір-біріне жақындатып, Қазақстанды озық технологиялық қаржы орталығына айналырудың жол картасы іспетті. Мемлекет басшысы республикада цифрлық актив индустриясын дамытудың мақсаты ретінде қаржылық тұрақтылықты сақтай отырып, заңсыз операцияларға қарсы тосқауыл қоюды, халық пен бизнес цифрлық активтерді қауіпсіз пайдалану үшін құқықтық, институтционалдық, технологиялық және инфрақұрылымдық жағдай жасауды, сол арқылы елде халықаралық қаржы нарықтарына интеграцияланған, капитал тартатын, реттелетін, ашық және бәсекеге қабілетті цифрлық активтер нарығын түзуді бекітті.

Президенттің бұл шешімін үш негізгі бағытқа бөлуге болады: біріншісі — Қазақстанды «қауіпсіз аймаққа» айналдыру. Мұндағы міндет — халық пен бизнестің қаражатын қорғау. Бұрын криптоиндустрия «жабайы дала» сияқты болса, енді мемлекет оны «тәртіпті калаға» айналдырмақ. Өйткені қазақстандықтар әлі күнге Bitcoin, Ethereum, мемкоин және басқа крипто-валюталарды интернеттегі, әлеуметтік желідегі жарнама арқылы сатып алуға тырысып, алаяқтардың құрығына түсіп қалады. «Сізді биржалық брокеріңіз немесе трейдеріңіз алдап кетті ме? Салған ақшаныңызды платформадан кері шығарып алуды бұғаттап тастады ма? Біз қаржыңызды қайтаруға көмектесеміз!» — деген жарнамалар қаптады. Мұндай ұйымдарға жүгінгендердің көбі қайтадан алаяқтар схемасына тап болып, қайтара алданып қалып жатыр.

Сондықтан 2027 жылғы 1 шілдеге дейін заңсыз транзакциялар мен ақшаны жылыс-татуға қарсы «цифрлық қалқан» — Ұлттық криптовалюталық талдау орталығы құрылады. Бұл — полиция мен аудитордың қызметін бірдей атқаратын технологиялық құрылым болуға тиіс. Президент орталықтың цифрлық активтермен жасалатын операциялардың жүйелі мониторингін жүзеге асырумен, транзакциялық белсенділікті талдаумен және заңсыз қаржы схемаларын анықтаумен айналысатынын атап өтті.

Бұған қоса Қасым-Жомарт Тоқаев «цифрлық активтердегі операцияларды елдің реттелетін цифрлық активтер экожүйесіне көшіруді, реттеушілік режимнің тартымдылығын арттыру арқылы ынталандыруды» жүктеді. Яғни сіздің биткоиніңіз Астана түбіндегі алып «Дата-орталықтағы», Павлодар қасындағы «ДӨО алқабындағы», не басқа деректерді өңдеу орталығындағы әмиянда сақтауы тұрғаны жөн.

«Цифрлық активтермен жасалатын операциялардың ашықтығы мен қауіпсіздігін, тұтынушылар мен инвесторлардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету,

ЦИФРЛЫҚ БАЙЛЫҚҚА БАСТАР БАҒЫТ



сондай-ақ заңсыз айналымға және капиталды сыртқа шығаруға қарсы іс-қимыл тетіктерін күшейту — цифрлық активтер индустриясын дамытудың басым бағыттары болып айқындалсын!» — деді Мемлекет басшысы өз Жарлығында.

Борындалуының нақты межесін бекітті. Атап айтқанда, Үкімет Ұлттық банкпен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, Қаржылық мониторинг агенттігімен, АХҚО-мен бірлесіп, 2026 жылғы 1 тамызға дейін қазақстандық провайдерлердің банктік шоттарын бұғаттауды болдырмайтын тетік әзірлейді. Ал 31 желтоқсанға дейін бұрын сатып алынған немесе өндірілген цифрлық активтерді цифрлық активтер қызметтерінің қазақстандық провайдерлері арқылы реттелетін инфрақұрылымға міндетті түрде аудару шартымен оларды ерікті түрде жариялаудың құқықтық тетігі түзілмек.

ТОКЕНДЕУДІҢ ТЕТІГІ КЕНЕЙЕДІ

Жарлықтың екінші маңызды бағыты — негізінен көленкеде және көш жиегінде тіршілік етіп жатқан бұл индустрияны күнгейге шығарып, өркендеуіне жана дем беру. Осы мақсатта Президент «цифрлық активтер базасында жаңа инновациялық қаржы құралдары мен төлем қызметтерін, соның ішінде трансшекаралық есеп айыры-сұмалар жүргізу үшін енгізуді» тапсырды. Қ.Тоқаев Үкіметке экономиканың нақты секторын қаржыландырудың көздерін кеңейту және әртарапандыру үшін «активтерді токенеуді дамытуды» жүктеді. Осы

арқылы мемлекет цифрлық активтерді тек «виртуалды ойыншық» емес, нақты экономиканың құралына айналдырмақ.

Бұл тұрғыда токенеуде дегенді қарапайым тілмен түсіндіре кетсек: кез келген кәсіпкер, соның ішінде тіпті шағын бизнес нысаны өз активтерін — зауыттың, жана өнімін, жылжымайтын мүлкін немесе тіпті құнды қағаздарын цифрлық токенге айналдырып, оларды кез келген жанға оңай сата алады. Бұл ақша мен инвестиция тартудың ең жылдам әрі заманауи жолы. Өйтпесе, қазіргі кезде талаптарының қатандығы және кедергілерінің көптігі кесірінен шағын және орта кәсіпкерлер биржаға шыға алмайды, одан қарыз қаражат тарта алмайды.

Осы және басқа міндеттердің лайықты, абыройлы іске асуын тұрақты әрі дер кезінде реттеп, үйлестіріп отыру үшін жана мемлекеттік орган — Қазақстанның Ұлттық банкі жанынан Цифрлық активтер және төлем жүйелері жөніндегі комитет құрылмақ. Цифрлық активтердің өндірісі де, сақталуы да алапат көлемде электр энергиясын тұтынатыны белгілі. Сол себепті Президент Қ.Тоқаевтың осы Жарлығына сөйкес, бұдан былай Қазақстандағы пайдаланылмайтын және жанартылатын энергия ресурстары криптовалюта өндірушілерге, цифрлық майнингке бағытталады. Сондай-ақ газ кен орындарындағы алауларда босқа жанып кететін газды да майнингке пайдалануға мүмкіндік берілді. Бұл — жердің асты (көгілдір отын, көмір) мен үстіндегі (жел, күн) қуатты цифрлық активте айналы-ғуы деген сөз.

Мемлекет басшысы электр энергиясын цифрлық майнингке пайдалану мақсатын-

да, QazaqGaz ұлттық компаниясы мемлекеттің басым құқығын іске асырудан бас тартқан жағдайда, оны оқшауланған режимде өндіру үшін кен орындарында ілеспе мұнай газын және табиғи газды пайдалану тетігін көздейтін жаңа заң жобасын 2027 жылғы 1 наурызға дейін Құрылтайдың қарауына енгізуді тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сондай-ақ 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін жеке тұлғалардың цифрлық активтерін шетелдік платформалар мен сервистерден қазақстандық провайдерлердің платформаларына көшіруді салықтық тұрғыдан ынталандырудың қосымша тетігін әзірлеуді тапсырды. Бұл үшін де заңнама өзгертілуіге тиіс. Үкімет басшысының орынбасары Серік Жұманғарин Жобалық кеңсегінің жиынын шақырып, онда Салық кодексіне енгізілетін жаңа түзетулер топтамасын мақұлдады. Вице-премьердің түсіндіруінше, бұл түзетулер цифрлық активтердің заңды айналымын ынталандыру үшін жеңілдетілген салықтық жағдай жасайды. Ол үшін 2026 жылғы 1 қантардан 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін, 3 жыл бойы қазақстандық провайдерлер арқылы цифрлық актив, мысалы, криптовалюта сатып алған жеке тұлғалардың оны сатудан түсірген кірісі жеке табыс салығынан босатылады. Құрылтай депутаттары бұл заңды 2027 жылғы 1 сәуірден кейін қарауға кіріспек.

АХҚО ЖАНА МИССИЯСЫ

Жарлықтың үшінші ірі бағыты — цифрлық қала құруға және «Астана» қаржы орталығын дамытуға бағытталған. Бұл Экономикада цифрлық активтерді қолдану салаларын кеңейту, бәсекеге қабілетті экожүйені қалыптастыру, цифрлық активтерді дәстүрлі қаржы жүйесіне интеграциялау және цифрлық активтердің бірыңғай және өзара байланысқан нарығын қалыптастыру мақсатында жасалып отыр.

Осы орайда Президент біріншіден, Ұлттық банкті Alatau City Authority мемлекеттік қорымен бірлесіп, биылғы 30 қыркүйекке дейін цифрлық активтер саласы мен криптоиндустрияны дамытудың Бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеп бекітуге міндеттеді. Екіншіден, Тимур Сүлейменовтің командасы 1 қарашаға дейін қормен, АХҚО-мен тізе қосып, цифрлық активтердің айналымы кезінде пайдаланылатын орталықтандырылмаған платформалардың (DeFi) жұмыс жасауына талдау жүргізуге, сондай-ақ олар реттеу және бақылау тәсілдерін әзірлеуге тиіс.

Өз кезегінде Құрылтай ел тарихында тұңғыш рет есептесудің жаңа түрін заңдас-тырады: тауарлар мен қызметтердің экспорттық-импорттық операциялары бойынша трансшекаралық төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін Ұлттық банк талаптарына сөйкес шығарылған стейблкоиндерді пайдалануға рұқсат ететін заң қабылдайды. Елдің жаңа Парламенті құптайтын тағы бір заң жобаларының пакеті криптокостодиандық қызметтің құқықтық шеңберін айқындауға, цифрлық активтер бар төлем қызметтерін көрсетуге, биткоин сияқты қамтамасыз етілмеген цифрлық активтері бар қызметтердің жаңа

түрлерін көрсету бойынша қазақстандық провайдерлерінің қызметін жетілдіруге бағытталмақ.

Ал Алматы облысындағы жаңа шаһар құрылысына биткоинді және басқа криптоақшаны тарту көзделіп отыр. Осы мақсатта Alatau City Authority мемлекеттік қоры 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін Алатау қаласының аумағында шетелдік инвесторларға арналған жобаларға қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді инвестициялауға мүмкіндік беретін тетікті әзірлеуге міндетті. Жыл соңына дейін «Астана» қаржы орталығы шетел валюта-сында номинацияланған және АХҚО-ның лицензияланған қатысушылары шығарған стейблкоиндерді тауарлар мен қызметтер үшін экспорттық-импорттық операциялар бойынша трансшекаралық төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға пайдалануға мүмкіндік беретін тетікті жасауға тиіс.

Жарлыққа түсініктеме берген АХҚО басқарушысы Ренат Бектұров Президент Қ.Тоқаевтың Қазақстан экономикасына цифрлық қаржы активтерін енгізуге ерекше көңіл бөлетініне назар аудартты.

— Бұл бағытта нақты нәтижелерге қол жеткізілді: АХҚО юрисдикциясында осы секторды реттеу бойынша пилоттық жоба мен тиісті инфрақұрылымды құру бастамасы оң нәтиже көрсетті. Ал елдің төл ұлттық юрисдикциясында реттеуді енгізуі — цифрлық активтер нарығын дамытудың жаңа кезеңі. Мемлекет басшысының осы Жарлығы еліміздегі цифрлық активтер саласының одан әрі дамуына серпін береді деп күтеміз, — деді АХҚО басшысы. Оның түсіндіруінше, реттеу дегеніміз тек ережелер мен қадағалау жүйесін енгізу ғана емес, ең алдымен — провайдерлер мен олардың клиенттері үшін қауіпсіз, ашық әрі бәсекеге қабілетті орта қалыптастыру.

— Жарлықта қарастырылған шаралар дәл осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған. Атап айтқанда, АХҚО юрисдикциясында шығарылған цифрлық активтер мен токенизацияланған бағалы қағаздарды ел аумағында тану жоспарланып отыр. Бұл эмитенттер үшін құралдардың айналымы мен қолданылуы тұрғысынан тең жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар АХҚО лицензиялаған эмитенттері шығарған стейблкоиндерді экспорттық-импорттық операциялар бойынша трансшекаралық есеп айырысуларда пайдалану мүмкіндігін енгізу маңызды қадам болмақ, — деді Р.Бектұров.

Оның айтуынша, жаңашылдықтардың бірі ретінде заңды негіз болған жағдайда провайдерлерінің банктік шоттарын жаппай бұғаттау тәжірибесінің орнына тек клиенттердің жеке шоттарын бұғаттау жүйесі енгізілмек. Қорыта айтқанда, осы және басқа бастама цифрлық активтер нарығын дамытудың заңды жалғасы, саланы жүйелеудің маңызды құралы әрі қазақстандық пайдаланушыларды реттелетін инфрақұры-лым аясында шоғырландыруға бағытталған тың қадам болуға тиіс.

Сарапшылар Жарлықты іске асыру пайдаланушыларды АХҚО және ұлттық юрисдикцияда реттелетін платформаларға көшіруге, сөйтіп, көленкеден жарыққа шығаруға, сондай-ақ қаражатты сақтау, киберқауіпсіздік және тәуекелдерді басқару бойынша міндетті стандарттар есебінен клиенттердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретініне сенімді.

БІРЫҢҒАЙ QR: ЖАҢА ЖҮЙЕ ТӨЛЕМ НАРЫҒЫН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ?

Қазақстанда банкаралық бірыңғай QR төлем жүйесі іске қосылды. Енді тұтынушы қай банктің клиенті екеніне қарамастан, кез келген банктің мобильді қосымшасы арқылы ортақ QR-кодпен төлем жасай алады. Бұл — қолма-қол ақшасыз төлем нарығындағы маңызды өзгерістердің бірі. Жаңа жүйе шын мәнінде бірнеше банктің терминалдарын бір QR-кодпен алмастыра ала ма? Сарапшылардың пікірінше, оның болашағы технологияның өзіне емес, комиссиялық саясатқа байланысты.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Қаржыгер, экономика ғылымдарының кандидаты Айгерім Ильясованың айтуынша, бүгінде Қазақстандағы қолма-қол ақшасыз төлемдердің шамамен 80 пайызын Halyk Bank пен Kaspi бақылайды. Bloomberg бағалауы бойынша, оның ішінде Kaspi-дің үлесі шамамен 70 пайызға жетеді. Сондықтан бірыңғай QR енгізу тек жаңа төлем тәсілін ұсыну емес, төлем нарығындағы бәсекені күшейтуге бағытталған қадам ретінде қарастылады.

«Егер негізгі банктердің барлығы жүйеге толық қосылса, ең алдымен сатып алушылар ұтады. Клиент дүкенде қай банктің терминалы тұрғанына тәуелді болмайды. Өзінің мобильді қосымшасы арқылы кез келген QR-кодпен төлем жасай алады», — дейді Айгерім Ильясова.

БАНКТЕР АРАСЫНДА БӘСЕКЕ ӨЗГЕРМЕК

Алайда жүйенің толық тиімділігі барлық қатысушы банктердің ортақ инфрақұрылымға қосылуына байланысты. Демек,

алғашқы кезеңде тұтынушы мен сауда орнының қай банкпен жұмыс істейтіні әлі де маңызды рөл атқарады.

Соған қарамастан, сарапшылар техникалық үйлесімділіктен бұрын экономикалық тетіктерге назар аудару қажет екенін айтады. Айгерім Ильясованың пікірінше, ортақ QR инфрақұрылымы банктер арасындағы бәсекені өзгертпеді. Бұрын банктер клиентті өз төлем экожүйесі арқылы ұстап қалуға тырысса, енді олардың артықшылығы мобильді қосымшалардың сапасы, тарифтері және қосымша қызметтері арқылы анықталмақ.

«Орта және шағын банктер QR желісінің көлемімен емес, сервистерінің сапасы арқылы бәсекелесе алады», — дейді сарапшы.

Алайда қаржы сарапшысы Андрей Казанцев мәселенің басқа жағына назар аударады. Оның пікірінше, жаңа жүйенің тағдырын технология емес, комиссиялық саясат шешеді.

«Мәселе технологияда емес, комиссияда», — дейді Андрей Казанцев.

Бұл пікірдің астарында қарапайым экономикалық есеп жатыр. Кәсіпкер үшін төлемнің қай QR арқылы қабылданғанынан

бұрын, әрбір операцияның қанша шығын әкелетіні маңызды. Егер жаңа жүйе бұрынғыдан қымбат болса, бизнес бірнеше терминалдан өз еркімен бас тартпайды.

Мұны шағын дүкендердің қаржылық моделі жақсы көрсетеді. Айгерім Ильясованың мәліметінше, темекі өнімдеріне қойылатын үстеме баға көтерме сатып алу құнының шамамен 10 пайызын ғана құрайды. Ал шағын дүкендердің орташа сауда үстемесі көтерме бағаның шамамен 15 пайызына тен. Бірақ бұл қаражаттың бәрі кәсіпкердің пайдасы емес. Оның шамамен 4 пайызы қызметкерлердің жалақысына, 3 пайызы салықтарға, тағы 1 пайызы эквайринг комиссиясына жұмсалады. Қалған шамамен 5 пайыздың есебінен жалдау ақысы, коммуналдық қызметтер, басқа операциялық шығындар өтелеп, содан кейін ғана кәсіпкер пайда көреді.

QR КОДТЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Сондықтан банк комиссиясының аз ғана өзгерісінің өзі шағын бизнес үшін айтарлықтай маңызға ие.

«Эквайринг құнын сауда орындарының өзі төлейді. Сондықтан нарықтағы бәсекенің күшеюі уақыт өте келе комиссиялардың төмендеуіне ықпал етуі мүмкін», — дейді Айгерім Ильясова.

Дегенмен Андрей Казанцев қазіргі тарифтік модель мұндай нәтижеге кепілдік бермейді деп есептейді. Оның айтуынша, кәсіпкер банкаралық бірыңғай QR арқылы төлем қабылдағанда шамамен 1,25-1,35 пайыз комиссия төлейді. Бұл қаражаттың құрылымы сырт көзге көрінгендей қарапайым емес.

Қолданыстағы тариф бойынша комиссияның 1 пайызы банкаралық комиссия ретінде сатып алушының банкіне аударылады. Бұдан бөлек, Ұлттық төлем корпорациясы төлемді өңдегені үшін әр банктен 0,05 пайыздан алады. Соның нәтижесінде сатушыға қызмет көрсететін банктің өзінде шамамен 0,15 пайыз ғана қалады. Оның өзінен терминалды күтіп ұстау, техникалық



қызмет көрсету және төлемдерді өңдеу шығындары өтеледі.

«Мен банктенді қорғап отырған жоқпын. Бірақ сатып алушы мен сатушы бір банктің клиенті болса, кәсіпкер басқа банкке 1 пайыз банкаралық комиссия төлемейді. Сондықтан ішкі банк арқылы қабылданған төлем арзанырақ болуы мүмкін», — дейді Андрей Казанцев.

Сарапшының пікірінше, дәл осы айырмашылық кәсіпкерлердің мінез-құлқына әсер етеді. Егер банкаралық төлем қабылдау қымбат болса, дүкен иесі кассадағы бірнеше терминалды сақтап, сатып алушыдан өз банкі арқылы төлеуді сұрауы мүмкін. Ал бірыңғай QR тек басқа мүмкіндік болмаған жағдайда ғана пайдаланылуы ықтимал.

Осылайша, бірнеше терминалдың орнына бір QR-код орнату идеясын жүзеге асыру үшін техникалық үйлесімділік жеткіліксіз. Жаңа жүйе бизнеске де экономикалық жағынан тиімді болуы қажет.

ҚҰРАЛ БАР, ҚАДАМ ҚАЖЕТ

Бұл жерде Ұлттық банктің рөлі ерекше. Реттеуші тек ортақ инфрақұрылымды іске қосып қана қоймай, жүйенің тұрақты

жұмысын, қауіпсіздігін және барлық қатысушы үшін тең жағдай қалыптасуын қамтамасыз етуге тиіс. Сонымен бірге нарықтың қалай өзгеріп жатқанын бақылап, қажет болған жағдайда комиссиялық саясатқа қатысты шешімдер қабылдауға тура келуі мүмкін.

Халықаралық тәжірибе де мұндай өзгерістердің бірден жүзеге аспайтынын көрсетеді. Андрей Казанцев Visa компаниясының банкаралық комиссиясын бірнеше кезеңмен төмендеткен тәжірибесін мысалға келтіріп, Қазақстанда да осындай тәсіл қарастырылса, бірыңғай QR жүйесінің тартымдылығы арта түсетінін айтады.

Қалай болғанда да, жаңа жүйенің тағдыры алдағы бірнеше айда айқындалмақ. Егер банктер ортақ тарифтік модельге келіп, кәсіпкерлер үшін жаңа жүйе шығынды көбейтпесе, бұл төлем нарығындағы ең ірі реформалардың біріне айналуы мүмкін. Ал экономикалық ынталандыру өзгермесе, бірнеше терминалдың қатар тұруы бұрынғыдай қалыпты құбылыс болып қала береді. Сондықтан бірыңғай QR-дың болашағын технология емес, нарық заңдылықтары шешеді.

ӘЛЕУЕТ

МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫ

Жаңа оқу жылынан бастап қазақстандық оқушылар кезең-кезеңімен жаңартылған оқулықтармен білім ала бастайды. Оқу-ағарту министрлігі мектеп оқулықтарын жаңартып, білім беру ұйымдарын жаңа басылымдармен қамтамасыз етуге кірісті. Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы оқулықтарды жаңартудың төртінші ауқымды кезеңі. Үш жылға жоспарланған науқан аясында қандай оқулықтар әзірленіп жатыр? Олардың мазмұны мен сапасына қандай талаптар қойылады? Бұл оқулықтарының бұрынғылардан айырмашылығы неде? Осы және өзге де сауалдарды Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының директоры Сейфулла Смайыловқа қойған едік.

— Сейфулла Шай-Ахметович, бұл жолы оқулықтардың сапасын жақсарту мақсатында сараптаманы кімдер жүргізді және жұмыс барысында нақты қандай міндеттер ескерілді?

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2026–2027 оқу жылына ұсынылатын оқулықтарға қосымша зерделеу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмысқа әр өңірден білікті мектеп педагогтары қатысты. Қазір мектеп оқулықтарының сапасы Үкіметтің ерекше бақылауында. Қосымша зерделеу барысында орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық және техникалық қателер анықталды. Осыған байланысты оқулықтарды пайдалануға ұсынғанға дейін оларды қосымша зерлеуден өткізу және жетілдіру туралы шешім қабыланды. Соның негізінде баспалар/авторлар мен сарапшылар бірлесіп, анықталған ескертулерді жою жұмыстары жүргізілді.

Зерделеу барысында оқулықтардың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестігі, мазмұнының мемлекеттік саясатқа сәйкестігі, ономастикалық бірілкітерді қолданудың өзектілігі және мазмұнның тілдік және психологиялық аспектілерге сәйкестігі қарастырылды.

— Әзірленіп жатқан оқулықтарға қандай талаптар қойылып отыр? Бұл жұмыстың сапасына кім жауап береді және оның орындалуы қалай бақыланады?

— Қазір әзірленіп жатқан оқулықтарға қойылатын талаптар жыл сайын жетілдіріліп келеді. Негізгі талаптардың қатарында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі, ғылыми дәлдігі, оқу материалының жүйелілігі мен логикалық құрылымы, жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, тілдік сауаттылығы, терминдердің бірізді қолданылуы, тапсырмалар жүйесінің тиімділігі және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталуы, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды қамтуы, инклюзивті білім беру талаптарына сәйкестігі жан-жақты қарастырылды.

Оқулықтың сапасына, ең алдымен, авторлар мен баспа жауапты болады. Министрлік тарапынан мемлекеттік сараптама ұйымдастырылып, оқулықтардың белгіленген талаптарға сәйкестігі бағаланады. Сараптамадан оң қорытынды алған оқу басылымдары Оқу-ағарту министрлігі бекітетін білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізбесіне енгізіледі.

Оқулықтың сапасына, ең алдымен, авторлар мен баспа жауапты болады. Министрлік тарапынан мемлекеттік сараптама ұйымдастырылып, оқулықтардың белгіленген талаптарға сәйкестігі бағаланады. Сараптамадан оң қорытынды алған оқу басылымдары Оқу-ағарту министрлігі бекітетін білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізбесіне енгізіледі.

— Ал оқулық әзірлейтін авторлар мен баспаларға қандай талаптар жүктелген?

— Оқулық әзірлеуде және сараптамадан өткізуде оқулықтың құрылымы мен мазмұнына қойылатын «Орта білім беру ұйымдарына

арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар» негізге алынады, бұл құжат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі №132 бұйрығымен бекітілген.

Оқулық әзірлеуге білім беру саласында тәжірибесі бар, тиісті ғылыми немесе педагогикалық біліктілігі жоғары мамандар тартылады. Авторлардың пән бойынша терең кәсіби құзыретке ие болуы, оқу бағдарламаларын жетік меңгеруі, оқушының жас ерекшелігін ескеруі және ғылыми дәлдік пен академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға тиіс. Ал баспалар өз кезегінде сапалы редакциялық және



— Жаңарту жұмыстары тек қателерді түзетумен ғана шектелмейді. Оқулықтарды қайта басып шығару олардың мазмұнын өзектендіру мақсатында жүзеге асырылады. Бұл ескірген мәліметтер мен тапсырмалар жүйесін жаңартуды, ғылымның дамуымен, қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістермен байланысты толықтырулар мен түзетулер енгізуді, сондай-ақ статистикалық және өзге де нақты деректерді жаңартуды көздейді. Жоспар бойынша тек Қазақстан тарихы мен Дүниежүзі тарихынан басқа барлық пән бойынша оқулықтар жаңаралы.

Сонымен қатар оқулықтардың мазмұны білім беру жүйесіндегі өзгерістерге, ғылым мен технологияның дамуына және жана Конституция қабылдануына сәйкес қайта қаралды.

— Жаңа оқу жылында мектептерге жеткізілетін оқулықтардың барлығы жаңартылған нұсқа бола ма әлде кейбір өңірлер ескі кітаптармен оқуды жалғастыра ма?

— Бүгінде 2026–2027 оқу жылына арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту және білім беру ұйымдарын оқулықтармен әрі оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде.

Оқулықтарды жаңарту кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. 2026 жылғы 30 тамызға дейін 3-сыныптарға арналған «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Математика», «Дүниетану», «Әдебиеттік оқу», «Музыка» пәндері бойынша, сондай-ақ 7-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқулықтар сатып алынады.

Ал қайта басылып жатқан және қолданыс мерзімі аяқталмаған оқулықтар нормативтік талаптарға сәйкес пайдаланылуын жалғастырады.

— Цифрлық оқулықтар дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр ма? Бұл бағытта қандай жоспар бар?

— Министрлікпен цифрлық білім беру ресурстарын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Қазақ оқулықтармен қатар электрондық оқулықтар мен цифрлық білім беру ресурстары әзірленіп, білім беру процесінде пайдаланылуда.

— Оқулықтарды таңдау Etandau.gov.kz электрондық платформасы арқылы жүргізіледі екен. Бұл таңдауға кімдер қатыса алады?

— Аталған пәндер бойынша оқулықтарды білім беру ұйымдарының педагогтары Etandau.gov.kz электрондық платформасы арқылы таңдады. Таңдау нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы органдар қажетті өтінімдерді қалыптастырып, оқулықтарды жеткізуді ұйымдастыру үшін баспаларға жолдады. Сондай-ақ өңірлерде білім алушылар санының артуы мен кітапхана қорын толықтыру қажеттілігі ескеріле отырып, қалған сыныптарға арналған оқулықтарды қосымша сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

Платформаға білім беру ұйымдарының педагогтары қатысады. Яғни пән мұғалімдері өз пәні бойынша сараптамадан өткен және министрлік бекіткен оқулықтардың арасынан таңдау жасайды.

Таңдау барысында педагогтар оқулықтың мазмұнын, әдістемелік ерекшеліктерін және білім беру процесіне сәйкестігін ескереді.

Платформада жасалған таңдау жергілікті білім басқармалары мен мектептердің оқулықтарға деген қажеттілігін қалыптастыруға негіз болады және білім беру ұйымдарын оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын жоспарлауға мүмкіндік береді.

— Оқулықтардың қайта жазылуы білім беру жүйесінің өзгеруіне қаншалықты әсер етеді деп ойлайсыз?

— Оқулықтарды қайта жазу – білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі. Дегенмен білім беру сапасы тек оқулықпен ғана шектелмейді. Ол оқу бағдарламасының мазмұнына, мұғалімнің кәсіби даярлығына, оқыту әдістемесіне және бағалау жүйесіне де тікелей байланысты. Оқулықтарды жаңарту кезең-кезеңімен жүзеге асырылады деп жоғарыда атап өттік. Бұл бір жағынан оқу әдебиеттерінің сапасын арттыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан білім беру ұйымдарын оқулықтармен үздіксіз қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Сондықтан оқулықтарды қайта жазу білім беру жүйесінде оқыту сапасын жақсартуға, білім мазмұнын заманауи талаптарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

— Рәкмет!

Сұхбаттасқан
Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

«ОҢАЙ ТАБЫС» ҚЫМБАТҚА ТҮСУІ МҮМКІН

Кейінгі жылдары Қазақстанда интернет-алаяқтықпен қатар бұрын көпшілікке беймәлім болған «дропперлік» ұғымы жиі айтыла бастады. Бұрын азаматтар өз банк картасын бөтен адамға уақытша пайдалануға беру немесе өз шоты арқылы ақша аудару үлкен қауіп төндіреді деп ойламайтын. Ал бүгінде мұндай әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Айгүл СЕЙІЛ

Бұл өзгеріс кездейсоқ емес. Өйткені интернет-алаяқтықтың басым бөлігінде қылмыскерлер ұрланған ақшаны өздерінің емес, қарапайым азаматтардың банк шоттары арқылы өткізіп, ізін жасырады. Сондықтан құқық қорғау органдары дропперлікпен күресті киберқылмысқа қарсы саясаттын негізгі бағыттарының біріне айналдырды.

ДРОППЕР ДЕГЕН КІМ?

Дроппер — өзіне тиесілі банк картасын, банктік шотын немесе интернет-банкінгке қолжетімділікті бөтен адамдарға беріп, қылмыстық жолмен алынған қаражатты қабылдауға, аударуға немесе қолма-қол ақшаға айналдыруға көмектесетін адам.

Көп жағдайда алаяқтар әлеуметтік желілер мен Telegram арналары арқылы «оңай жұмыс», «банк картасын жалға беру», «ақша аударғаныңыз үшін комиссия аласыз» деген мазмұндағы хабарландырулар таратады. Мұндай ұсыныстарға көбіне студенттер, жұмыссыздар, қосымша табыс іздеп жүрген азаматтар мен жастар алданып жатады. Ал шын мәнінде олар қылмыстық схеманың бір бөлігіне айналады.

ЗАҢ НЕГЕ ҚАТАНДАТЫЛДЫ?

2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне 232-1-бап енгізіліп, дропперлік үшін жеке қылмыстық жауапкершілік белгіленді.

Аталған бапқа сәйкес, егер азамат өзінің банк шотын, төлем картасын немесе интернет-банкінгіне қолжетімділікті материалдық сыйақы немесе өзге де пайда табу мақсатында басқа адамға заңсыз пайдалануға берсе, ол қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Мұндай әрекет үшін мүлкі тәркіленіп, 160 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін айыппұл салу, сол мөлшерде түзеу жұмыстары немесе 50 тәулікке дейін қамаққа алу жазасы қарастырылған.

Ал егер адам басқа біреудің банктік шотын, төлем құралын немесе сәйкестендіру

деректерін заңсыз иемденіп, сол арқылы төлемдер жүргізсе немесе ақша аударымдарын жүзеге асырса, жаза қатаңырақ болады. Мұндай жағдайда кінәлі тұлға 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеуге немесе дәл осы мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталуы мүмкін. Сонымен қатар оның мүлкі тәркіленеді.

Зангерлердің айтуынша, бұған дейін мұндай адамдар көбіне куәгер ретінде ғана қарастырылып келген. Соның салдарынан интернет-алаяқтықтың ұйымдастырушыларын анықтау қиын болған. Енді банк картасын, есепшотты немесе төлем құралдарын заңсыз беру, сондай-ақ бөтен адамдардың тапсырмасы бойынша заңсыз ақша аударымдарын жасау қылмыс боп есептеледі.

Stop-Piramida.kz жобасының маманы Нұркен Шардарбековтің айтуынша, кез келген карта беру автоматты түрде қылмысқа жатпайды.

— Мысалы, ерлі-зайыптылардың бір-біріне немесе ата-ананың баласына банк картасын тұрмыстық қажеттілік үшін беруі заңбұзушылық болып саналмайды. Қылмыстық жауапкершілік азамат банк құралдарын үшінші тұлғаға ақшалай сыйақы алу үшін немесе материалдық пайда табу мақсатында берген кезде туындайды, — дейді сарапшы.

Оның айтуынша, тек банк картасын беру ғана емес, мобильді банкінгке қолжетімділікті ұсыну, логин мен құпиясөздерді беру, бейтаныс адамдардың тапсырмасымен ақша аудару немесе өз шотына түскен қаражатты басқа адамдарға жіберу де Қылмыстық кодекстің 232-1-бабы бойынша қарастырылатын әрекеттерге жатады.

Ал егер азамат ұрланған қаражатты өзі аударып, қылмыстық схеманың белсенді қатысушысына айналса, оның жауапкершілігі де ауырлай түседі.

«МЕН БІЛМЕДІМ» ДЕГЕН УӘЖ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ҚҰТҚАРА МА?

Дропперлердің басым бөлігі тергеу кезінде өздерінің қылмыстық схемаға қатысып отырғанын білмегенін айтады.



Алайда Нұркен Шардарбековтің пікірінше, мұндай уәж әр іс бойынша жеке қаралады.

Тергеу органдары адамның ұйымдастырушылармен қалай танысқанын, оған сыйақы ұсынылған-ұсынылмағанын, әрекетінің заңсыз екенін түсіну мүмкіндігі болған-болмағанын, оның шоты арқылы қанша қаражат өткенін және қанша операция жасағанын анықтайды.

— Егер азамат банк картасын сататыны туралы хабарландыру жариялап, ол үшін ақша алып, логиндерін, құпиясөздері мен SMS-кодтарын берген болса немесе бірнеше мәрте ақша аударған болса, «мен ештеңе білмедім» деген уәж сенімді дәлел ретінде қабылданбайды, — дейді сарапшы.

Сонымен бірге заңда маңызды жеңілдік те қарастырылған. Егер адам мұндай құқықбұзушылықты алғаш рет жасап, өз еркімен құқық қорғау органдарына хабарлап, қылмыстың ашылуына белсенді көмектесе және оның әрекеттерінде басқа қылмыс құрамы болмаса, ол қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

Бас прокуратураның мәліметіне сәйкес, дропперлік үшін қылмыстық жауаптылық енгізілген уақыттан бері Қылмыстық кодекстің 232-1-бабы бойынша 700-ден астам қылмыстық іс тіркелген. Осы уақыт ішінде 216 адам жауапқа тартылып, олардың 202-сі сотталған.

Қаржылық мониторинг агенттігінің мәліметінше, 2026 жылдың басынан бері: қылмыстық кірістерді заңдастырумен айналысқан 33 дропперлік топтың қызметі тоқтатылды; 40-тан астам ұйымдастырушы анықталды; 500-ден астам азамат қылмыстық схемаға тартылған; дропперлердің банк шоттары арқылы 112 млрд теңгеден астам күмәнді қаржы операциялары жүргізілген; соңғы екі айдың өзінде 1000-нан астам дроп-карта бұғатталған.

Ал Ішкі істер министрлігі соңғы бес айдың өзінде дропперлердің көмегімен интернет-алаяқтар азаматтардан жымқырылған 400 миллион теңгеге жуық қаражатты қолма-қол ақшаға айналдырғанын хабарлады.

АЛАЯҚТАРДЫҢ НЕГІЗГІ НЫСАНАСЫ КІМДЕР?

Құқық қорғау органдарының тәжірибесі көрсеткендей, дропперлердің басым бөлігін студенттер, жұмыссыз азаматтар және интернет арқылы қосымша табыс іздеген жастар құрайды.

Мысалы, Батыс Қазақстан облысында банк шоттарын алаяқтарға пайдалануға берген жеті колледж студенті үш жылға бас бостандығын шектеу жазасына кесілді. Ал Түркістан облысында Telegram арқылы басқарылған қылмыстық схемаға 20-дан астам жас тартылған. Жетісу облысында тұрғын әлеуметтік желідегі жұмыс туралы хабарландыруға сеніп, интернет-алаяқтықтан

түскен қаражатты өз шоты арқылы өткізіп, кейін оны криптовалютаға айырбастап отырған.

Qazaq Expert Club expertі, психолог Жадыра Сабырвалан қылмыстық топтардың неге көбіне жастарды таңдайтынын сұрағанымызда ол былайша жауап берді:

— Психологиялық тұрғыдан жастар жылдам табыс табуға көбірек ұмтылуы мүмкін, тәуекелді толық бағаламауы ықтимал және әлеуметтік желілер арқылы жасалатын ұсыныстарға сенім білдіруі оңайырақ. Кейбір жастар өз банк картасын немесе есепшотын қылмыстық схема үшін пайдалану қандай құқықтық салдарға әкелетінін толық түсінбейді.

Маман, сондай-ақ шетелдік тәжірибелерге сүйеніп, интернет-алаяқтықпен күресте тек жазалау шаралары жеткіліксіз екенін айтады. «Ең тиімді тәсіл — алдын алу, халықтың цифрлық және қаржылық сауаттылығын арттыру және мемлекеттік органдар, банктер мен білім беру ұйымдарының бірлескен жұмысы. Мысалы, Қытайда азаматтарға алаяқтық схемалары туралы жедел ескертулер жіберіледі, халық арасында тұрақты ақпараттық науқандар жүргізіледі, ал жастарға цифрлық қауіпсіздік мектеп қабырғасынан түсіндіріледі.

Еуропаның бірқатар елінде банктер, полиция және телекоммуникация операторлары бірлесіп күмәнді операциялар туралы клиенттерге дереу хабарлап, қаржы алаяқтығының алдын алу бойынша ақпараттық кампанияларды тұрақты өткізеді. Сонымен қатар мектептерде қаржылық және цифрлық сауаттылыққа ерекше көңіл бөлінеді», — дейді Жадыра Сабырова.

Іә, көптеген адам өзінің банк картасын уақытша пайдалануға бергенін немесе біреудің өтінішімен ақша аударғанын қылмыс деп қабылдамайды. Алайда дәл осындай әрекеттер интернет-алаяқтық тізбегінде маңызды рөл ойнайды. Сондықтан ешқандай жағдайда банк картасын, есепшотты, мобильді банкінгке қолжетімділікті, логиндерді, құпиясөздерді және SMS-кодтарды бөгде адамдарға бермеу қажет.

Бүгінде бір қарағанда «оңай табыс» болып көрінетін ұсыныс ертен қылмыстық іс, соттылық және қаржылық шектеулерге ұласуы әбден мүмкін. Ал құқық қорғау органдарының ескертуі қарапайым: өз банк шотыңызды ешкімге бермеңіз, өйткені оның салдары бірнеше жылға созылатын жауапкершілікке әкелуі ықтимал.

РУХАНИЯТ

21 ШІЛДЕ 2026 | СЕЙСЕНБІ



МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН

Соңғы жылдары мемлекеттілік тарихын сахна тілі арқылы жаңаша пайымдау, көремдік деңгейі жоғары шығармаларды театр арқылы көпшілікке ұсыну әдемі бір дәстүрге айналып келеді. Мұндай маңызды үдерістен Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры да шет қалмай, тарихи драматургияны жаңа көркемдік деңгейге көтерген шығармашылық ұжым ретінде даралана түсті. Театр дарынды драматург Думан Рамазанның «Жошы хан» тарихи драмасын сахналау арқылы қазақ мемлекеттілігі тарихына терең бойлай білді. Ал халықтың бұл қойылымға деген ынта-ықыласы ерекше.

ТАРИХТЫ ТІРІЛТП, СЕЗІМДІ ТЕРБЕГЕН

Жалпы, елдігінің қайнарын көне дәуірлердегі апарып тірейді, ұлт болып ұйысу тарихын тереңнен бастайтын халықтар әлемде аз емес. Көне гректерді, мысырлықтар пен парсыларды, қытайларды айтпағанның өзінде бауырлас түркі-моңғол жұртының ішінде мемлекеттілік тарихын сонау Мөде қаған дәуірінен бастайтындар да бар. Ал қазақ халқы — мыңдаған жылдар бойы Ұлы далада мемлекет құрған жауынгер жұрттың тікелей ұрпағы. Дегенмен қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуында Ұлық ұлыс — Алтын Орданың және сол ұлыстың алғашқы билеушісі Жошы ханның рөлі зор. Орталық билігі, өзіндік экономикасы мен мәдениеті, сыртқы және ішкі саясаты болған, түрлі тайпаларды бір тудың астына жинаған ұлыстың шежіресі бүгінде мемлекеттік идеологияның қайнарына айналып келеді. Ал драматург Думан Рамазан «Жошы хан» драмасында қазақ даласындағы түркі тайпаларын бір ұлысқа біріктіріп, Ұлытауда ордасын тіккен, Қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушы Жошы ханның образын аша білді. Ал сахнагерлер тарихи тұлғаны біржақты дәріптеуден немесе оқиғаларды құрғақ баяндаудан бойын аулақ ұстап, күрделі тарихи дәуірдің философиялық, психологиялық және мемлекеттік мазмұнын терең ашуға талпынады. Пьеса кан шенгелдеп туса да, туған бауырын оққа қиса да, жарты әлемді қаһармен жасқаса да, Шыңғыс ханның алдымен қаталдығы мен қайырымы асқасқан әке, кешегі мен бүгінгі, ертеңі де кеңінен ойлар тұлға, қаһармандық пен сатқындықты безбендеп парасатты пайымға салар билеуші екенін ұқтырғандай.

Ұлттық мемлекеттігіміздің алтын дәуірі болған Жошы ұлысының негізін қалаушы, хандардың атасы Жошы тағдырына арналған драма тартысқа толы. Ол өз иелігіне берілген Ертіс өзенінен Орал тауына, Каспий мен Арал теңіздеріне дейінгі өлкелерге, Сырдария аймағы, Қойлық пен Сакасыннан Бұлғардың шетіне дейінгі Қыпшақтың кең даласына өз өмірін жүргізеді. Сартауыл жорығы кезіндегі, Үргеніш түбіндегі шайқастардағы көзқарастар қайшылығы Жошы тұлғасын даралай бастайды. Драмада жас болғанына қарамастан, Жошы ханзаданың бейнесі керемет айшықталған. Ол — ұлысын қайырым-мейіріммен, ақылмен басқарған, халқына пана, қорған бола алған айбынды қолбасшы, ел билеу ісіне келгенде, тіпті

өкесінің кей көзқарасымен келіспейтінін ашық айта алатын өткір мінезді, қайсар, жаужүрек тұлға ретінде сомдалған.

Шыңғыс қағанды өзге сипатта қалыптаудың, Жошы тұлғасына жаңаша пайыммен қараудың өзегінде режиссер Болат Ұзақовтың терең көркемдік концепциясы жатыр десек қателеспеген болар едік. Ол — тарихи тақырыпты дәстүрлі эпикалық баяндау шеңберінде қалдырмай, бүгінгі көрерменнің дүниетанымымен сабақтасыра білетін шешімтал режиссер. Тарихи оқиғалардың сыртқы көрінісінен бұрын олардың идеялық астарына, кейіпкерлердің ішкі драмасына, ұлттық мемлекеттілік туралы ойдың көркем бейнеленуіне басымдық берді. Сондықтан спектакльде арсы-гүрсі соғыс көріністері немесе жарқжүр еткен сыртқы эффекттер емес, адамның рухани таңдауы, билік пен жауапкершілік, әділет пен қатыгездік мәселелері алдыңғы қатарға шығады. Мұндай режиссерлік шешім спектакльдің көркемдік деңгейін биіктетті және тарихи драманың эстетикалық мүмкіндігін кеңейтті.

Жақсы актер — режиссердің бағы. Б.Ұзақов әр рөлге әртіс тандауда жаңылмауымен бірге қойылымның барлық ішкі иірімдерін көрерменге жеткізуде асқан шеберлік, кәсібилік биігінен көріне білді. Бәлкім содан да болар, барлығы тұтасқан, органикалық тұрғыда мінсіз өрілген дүниеге жасады. Бұл жерде ең негізгі жүк актерлерге артылғаны анық. Актерлар құрамында мін жоқ. Ұлы қағанның рөлі (Асылбек Қапаев) сендіргені былай тұрсын, оның өзі аразымда тірі жүргендей әсерге бөледі. Оның «Шыңғысы» — алыс-жұлыстан қашып, бойын парасат билеген, ұлағатты ойлар қозғайтын салмақты тұлға. Ұлы қағанның әрбір сөзі діттеген жерге дөп тиіп жатты, ойлы, мағыналы, терең. Әбден сендіреді. Бұл актердің ғана шеберлігі емес, жылдар бойы ойланып, терең зерттеген, тақырыптың іші-қыртысын білген драматургтың шеберлігі де болса керек. Расында да, хандардың ханы — қаған деген осылай болса керек! Сұсы да, мысы да, сесі де, есі де басым болуы керек.

Театр актерлерінің ансамбльдік ойыны қойылымның көркемдік қуатын арттырып, жандандыра түседі.

«Жошы хан» драмасында динамика бар екен, — деп жазды сыншы Н.Қабылбек, — Динамика бар жерде шынайылық пен шеберлік ұштасары анық. Актерлердің шеберлігі де көзге бірден шалынады.



Көрерменді баурап алып, бұлыңғыр ғасырдың бұралған жолына жетелей жөнеледі. Әр актер өзіне бекітілген образды әлемі аша білген. Тартымды. Диалогтар көп сөзділіктен ала. Нақтылық бар. Талас-тартыс үстіндегі одағай сөйлемдер де жамырап кетпейді. Көрерменді жалықтырм жібереу монологтар мүлде жоқ. Аз сөзбен көп ой айтуға талпыныс байқалады. Бұл шиеленіске толы драманың ауа жағылып кетпеуіне, құрылымының құлдырамауына кәдімгідей көрік беріп тұр».

Сарайдағы сан алуан интрига, астыртын ымдасулар мен күдік-күмәнге толы ойлардың шарпыса шиеленісуі драма тартысын күшейте түскен. Ақыл-парасаты мен күш-қайраты, ең бастысы, гуманистік адамгершілігі тұрғысынан Шыңғыс қағанның өзге үш ұлынан Жошының айбары асып тұр. Алайда оны әр қадам сайын «шақыртылған қонақ» деп бетіне басып отыруы спектакльдің өн бойында жүреді.

Ауыздан шыққан сөз сөйленіп қана тұрған жоқ, ол сөз жүрек болып соғып, бойына қан жүгіріп, жан біткен. Кез келген қимыл шашаусыз, өз орнымен, өз уақытымен өтеді. Әрбір ойын әбден дайындалып, бабына келгенде басын жіберген бөйге аттарындай ытырылып, алма-кезек ауысып, визуализациямен астасып жүреді.

Жошы болып ойнаған жас актер де (Қайыржан Садық) рөлді өз биігінде алып

шықты. Алғашқы дебют, алғашқы ойын, алғашқы қошемет — бәріне де лайықты. Тарихи дәуірдің рухын дәл танытқан сахналық киім үлгілері, кеңістікті символдық мәнде ұйымдастырған декорация, тәңірлік дүниетанымның көркем белгілері мен көне түркілік таным элементтері спектакльдің идеялық мазмұнын байыта түскен. Композитор Еділ Құсайынның арнайы жазған музыкалық партитурасы қойылымның эмоционалдық қуатын арттырды, бағы түркі сарындары, қобыз бен үрмелі аспаптардың үні, эпикалық әуездер мен драмалық музыкалық шешімдер сах-

на. Халыққа рухани нәр беретін ерекше туынды жасағымыз келді. Енді шын бағасын көрермен берер», — дейді автор.

Театр, кино, жалпы мәдениет қандай формасында да қоғамның рухын көтеріп, идеологияны жүректің түбіне жеткізуге болады екен. Яғни «жұмсақ күш» (soft power) арқылы ішкі саясатты да, сыртқы саясатты да реттеуге болатынына анық көзіміз жетті. Күні кеше елімізге әлемге танымал актер Джеки Чан келіп, қонақ болды. Оның фильмдерінің өн бойында қытайлық мәдениет, қытайлық дүниетаным есіп тұрады. Ол үстіне бір киім кесе, ханзу киімін, сөйлесе бір ханзу сөзін қосып, жұмысын атқарады. Мұны «жұмсақ күш» дейді. «Жошы хан» қойылымы да «Қазақ мемлекеттігі жоқ», «Оның тарихы да болмаған» деген суық та жат көзқарастарға жауап. Қазіргі кезеңде елімізде Жошы тұлғасы мемлекеттік деңгейде ұлықталып жатыр. Президенттің Ұлытау облысын ашуы, алғашқы құрылтайды Ұлытау төрінде өткізуі, халықаралық конференцияны ұйымдастыруы сияқты ірі оқиғалардың қатарына оның осы «Жошы хан» спектакліне баруын қосуға болады. Бұл — әлем қауымдастығына, әсіресе көршілес алпауыт елдерге берілген сигнал. «Қазақтың тарихы тереңде», «Біздің бабаларымыз үлкен империя құрған», «Қазақ мемлекеттігі Жошы ұлысынан басталады» деген ұстанымға өнер ұжымдарының атсалысуы қуантарлық жағдай.

«Жошы хан» қойылымының премьерасына арнайы қатысқан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Құтты болсын! Өте керемет қойылым болды. Шын мәнінде, пьесаның тақырыбы өте маңызды, өзекті. Мұндай туындылар халқымыз үшін қажет деп ойлаймын. Пьесаның тілі, мәтіні өте жақсы жазылған. Әртістердің бәрі жақсы ойнады. Шеберлігі мықты екен. Біздің тарихымызды, тарихи құндылықтарымызды қазіргі таңда халық арасында кеңірек дәріптеуіміз керек. Кейбіреулер қазақтардың өз тарихы, мемлекеті, елі болмаған деген сөздер айтып жүр. Ол — біздің тарихымызды бұрмалау. Өнерлеріңіз қашанда табысты болсын. Баршаңызға аманшылық тілеймін», — деп шынайы тілегін жеткізгенін лайықты бағалау деп білеміз.

«Жошы хан» тарихи драмасы қазақ театр өнерінің биік жетістігі ретінде көрерменнің жүрегінен орын алып, ұлттық руханияттың асыл қазынасына айналды. Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының шығармашылық ұжымы ұлттық тарихты көркемдік биік деңгейде сөйлете білген осы бір тағылымды туындысымен Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет және өнер жөніндегі Мемлекеттік сыйлығын иеленеді деп сенеміз. «...Заңғар таулардан асып, терең теңіздерді кешіп, таралғы созылғанда, үзенгі қажалғанда тыным таппай, қаншама халықты қарамағына қаратып, бір ұлысқа ұйыстырған Жошы» тұлғасы ұлықтала берсін! Театр ұжымының шығармашылық табысы артып, «Жошы хан» спектаклінің мерейі үстем болып, Мемлекеттік сыйлықтың биігінен көрінуіне шынайы тілектеспіз!

Заңғар КӨРІМХАН,
әдебиеттанушы

ӨЗЕКТІ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН САҚТАУ – МАҢЫЗДЫ



Шымкентте балалардың құқықтарын қорғау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары жаңа деңгейге көтерілді. Қоғамның өркеніеттілігі мен мемлекет дамуының басты көрсеткішінің бірі – балалардың құқықтарының қорғалуы, қауіпсіз өмір сүруі және жан-жақты дамуына жасалған жағдай. Өйткені әрбір баланың қауіпсіздігі – елдің ертеңіне салынған инвестиция, ал оның құқықтарының сақталуы – мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың маңызды өлшемі.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Соңғы жылдары елімізде балалардың құқықтарын қорғау мәселесіне айрықша назар аударылып келеді. Мемлекет басшысы балалардың қауіпсіздігі мен олардың заңды мүдделерін қорғауды мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде айқындап отыр. Осы бағыттағы жұмыстар өңірлерде де жүйелі түрде жүзеге асуда. Шымкент қаласында балалардың құқықтарын қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру бағытындағы жұмыстар жана

кезеңге қадам басты. Шымкент қаласы әкімінің 2026 жылғы 19 мамырдағы №2215 қаулысына сәйкес Балалар құқықтарын қорғау басқармасының құрылуы – осы саладағы маңызды институционалдық шешімнің бірі. Бүгінде аталған басқарма бастының міндетін атқарушы қызметін Мөлдір Кеуенова атқарып отыр. Жұырда өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифинг барысында Шымкент қаласында балалардың құқықтарын қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жазғы демалысын ұйымдастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтылды.

Жаңадан құрылған басқарманың негізгі міндеті – балалардың құқықтарын қорғау, заңды мүдделерін сақтау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік қолдау тетіктерін жетілдіру. Қазіргі қоғамда балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың, құқықбұзушылықтардың, киберқауіптердің, қараусыз қалудың және түрлі әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу мәселесі ерекше өзектілікке ие. Осы тұрғыдан алғанда жаңа басқарма тек бақылаушы орган ғана емес, балаларға қатысты мәселелерді кешенді түрде шешетін үйлестіруші құрылым ретінде жұмыс істейді. Мамандардың пікірінше, балалардың құқықтарын қорғау жүйесі тек құқықтық шаралармен шектелмеуі тиіс. Ол білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт және қоғамдық институттардың өзара байланысын талап етеді. Шымкентте осы бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүйеленіп келеді.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС – БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ

Жаз мезгілі балалар үшін демалыс пен таным көкжиегін кеңейтетін кезең болғанымен, қауіпсіздік мәселесі де ерекше назарды талап етеді. Мөлдір Кеуенованың айтуынша, осыған байланысты Шымкент қаласында оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары кең көлемде қолға алынған. Биыл қаладағы жалпы орта білім беру ұйымдарының 1–10 сыныптарында білім алатын 262 790 оқушының жазғы демалысын ұйымдастыру жоспарланып отыр. Оның ішінде 245 753 оқушы немесе 93,5 пайызы сауықтыру, танымдық, мәдени көпшілік, спорттық және тәрбиелік іс-шаралармен қамтылады. Бұл көрсеткіш балаларды бос уақытты тиімді өткізуге тарту арқылы құқықбұзушылықтардың, қараусыз қалудың және түрлі қауіптердің алдын алуға

мүмкіндік береді. Сондай-ақ жазғы лагерлер, экскурсиялар, шығармашылық үйірмелер, спорттық жарыстар мен танымдық бағдарламалар балалардың тұлғалық дамуына оң ықпал етеді.

Сонымен қатар үшінші мегаполисте әлеуметтік осал санаттағы балаларға ерекше көңіл бөлінеді. Әлеуметтік әділеттілік қағидатына сәйкес, жазғы демалысты ұйымдастыру барысында мемлекеттік қолдауды қажет ететін санаттағы балаларға басымдық беріледі. Атап айтқанда, бұл санатқа ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасылардың балалары, толық емес отбасылардан шыққан балалар, аз қамтылған отбасылардың балалары және өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар жатады. Бұл санаттағы балалардың жазғы демалысын сапалы ұйымдастыру олардың әлеуметтік бейімделуіне, психологиялық жағдайының жақсаруына және қоғамға толыққанды кірігуіне мүмкіндік береді. Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының 124 тәрбиеленушісі Түркістан облысы Түлкібас ауданындағы «Көкөтебе» жазғы сауықтыру лагерінде демалмақ. Бұл балалар үшін тек демалыс емес, әлеуметтік қолдау мен жаңа мүмкіндіктер алаңы болмақ.

ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ – ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Айта кетейік, балалардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстар тек демалысты ұйымдастырумен шектелмейді. Жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мәселелері ерекше бақылауға алынған. Бұл туралы басқарма басшылығы осы мақсатта құқықбұзушылықтардың алдын алу, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың жолын кесу, қатыгездік пен буллингтің алдын алу, қараусыз қалу жағдайларын болдырмау, интернет кеністігіндегі қауіп-

тердің алдын алу және балалардың заңды құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар күшейтілетінін атап өтті.

Мамандардың айтуынша, балалар қауіпсіздігі мәселесінде мемлекеттік органдардың ғана жұмысы жеткіліксіз. Бұл жерде ата-аналар, педагогтер, қоғам белсенділері және әрбір азамат жауапкершілік танытуы қажет.

Баланың қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда немесе оның құқықтарының бұзылғаны туралы ақпарат белгілі болса, азаматтардың жедел әрекет етуі аса маңызды. Осы мақсатта тәулік бойы жұмыс істейтін байланыс арналары қызмет көрсетеді:

- * 111 – Отбасы, әйелдер және балалар мәселелері жөніндегі байланыс орталығы;
- * 1310 – психологиялық қолдау қызметі;
- * 102 – полиция органдарының жедел желісі;
- * 103 – жедел медициналық жәрдем қызметі.

Мамандар кез келген қауіп немесе құқықбұзушылық туралы дер кезінде хабарлау көптеген келенсіз жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік беретінін атап өтеді.

Бүгінде балалардың құқықтарын қорғау мәселесі тек мемлекеттік саясаттың бағыты ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігін айналып отыр. Баланың қауіпсіз ортада өмір сүруі, сапалы білім алуы, денсаулығын нығайтуы және толыққанды дамуы — еліміздің болашағына жасалған маңызды инвестиция. Шымкент қаласында қолға алынған жүйелі жұмыстар балалардың құқықтарын қорғау саласының жаңа сапалы деңгейге көтерілетінін көрсетеді. Жаңадан құрылған басқарманың қызметі, жазғы демалысты ұйымдастыру шаралары және қауіпсіздік бағытындағы жұмыстар балаларға қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

СЕРПІН

2026 жылдың алғашқы жар-тыжылдығы Шығыс Қазақстан облысы үшін тұрақты экономи-калық өсім кезеңі болды. Өңір экономикасы негізгі бағыт-тардың барлығында дерлік оң серпін көрсетіп келеді: инвести-ция көлемі артып, құрылыс қарқын алды, өндіріс көлемі ұлғайып, жаңа кәсіпорындар іске қосылуда және ауқымды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Со-нымен қатар облыс дәстүрлі салалармен ғана шектелмей, технологияны дамыту, шикізат-ты терең өңдеу, туризм және цифрландыру бағыттарына басымдық беруде.

ЭКОНОМИКА ИНВЕСТИЦИЯДАН ДА ҚАРҚЫН АЛДЫ

Кез келген экономиканың басты көрсет-кіші — нақты сандар. Ал олар өңірдің даму қарқынын айқын көрсетіп отыр.

Быттығы қорытынды бойынша Шығыс Қазақстан облысының жалпы өңірлік өнімі 5,8 триллион теңгеге жетті. Биылғы алғашқы алты айдың нәтижелері де осы оң үрдістің сақталғанын дәлелдейді.

Құрылыс саласында орындалған жұмыс-тар көлемі 22,3 пайызға өсіп, 184,5 млрд теңгеге жетті. Ауыл шаруашылығының өсімі 3,3 пайызды, сауда саласындағы өсім шама-мен 5 пайызды құрады. Тұрғын үй құрылысы да қарқынды жалғасуда. Жыл басынан бері 150 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді.

Өңірдегі бизнес қауымдастықтың сенімін көрсететін басты көрсеткіштің бірі — инвес-тиция. Жарты жыл ішінде облыс экономика-сына шамамен 347 млрд теңге инвестиция тартылды. Оның 82 пайыздан астамы жеке инвестициялар. Бұл — кәсіпкерлердің аймақтың әлеуетіне сеніп, өз қаражатын салуға дайын екенін білдіретін маңызды көрсеткіш.

Халықтың табысы да артып келеді. Орташа айлық жалақы 438,6 мың теңгеге жетті. Ал жұмыссыздық деңгейі ресубли-кадағы ең төмен көрсеткіштердің бірі — 4,6 пайыз.

Жыл соңына дейін өңірде 17,4 мың жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған. Оның 13 мыңға жуығы тұрақты жұмыс орындары болмақ. Қазір олардың 7 мыңға жуығы ашылып үлгерді.

МЕТАЛЛУРГИЯ — ӨНІР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

Шығыс Қазақстан ежелден өнеркәсібі дамыған өңір ретінде танылған. Бүгінде өнеркәсіп саласы облыстың жалпы өңірлік өнімінің шамамен 40 пайызын қалыптас-тырады.

Сонымен қатар экономиканың құрылымы біртіндеп өзгеріп келеді. Қазіргі таңда өнеркәсіп өндірісінің 87 пайызы өңдеуші өнеркәсіптің үлесіне тиесілі.

Өңірдің жетекші саласы — металлургия. Бұл сала жалпы өнеркәсіп өнімінің 70 пайызын қамтамасыз етеді. Түсті және бағалы металдарға бай бірегей минералдық шикізат қоры Шығыс Қазақстанның басты бәсеке-лестік артықшылықтарының бірі болып қала береді.

Дегенмен өңір тек қолданыстағы өндіріс қуаттарына ғана сүйеніп отырған жоқ. Қазір Ново-Лениногор, Обручев және Чекомарь кен учаскелерін игеруге дайындық жүргі-зілуде. Алтай қаласында өңірдің өндірістік әлеуеті мен өнеркәсіп саласындағы жұмыспен қамтуды сақтауға ықпал етіп отырған Малеев кен орнын игеру жұмыстары жалғасып жатыр. Бұл жобалар алдағы жылдары метал-лургия саласын тұрақты шикізат қорымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЛИТИЙ — ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ЖАҢА ДАМУ ДРАЙВЕРІ

Өңірдегі ең ірі инвестициялық жобаның бірі — Ұлан ауданында жүзеге асырылатын «Алатау Литий» кешенінің құрылысы. Жоба Германияның HMS Bergbau AG компания-сымен бірлесіп іске асырылуда.

Бұл жоба тек кен орнын игерумен шек-телмейді. Оның аясында толыққанды тау-кен байыту кешені мен литий концентратын өндіретін қайта өңдеу зауытын іске қосу жоспарланған. Бүгінде литий өнімдеріне аккумулятор өндірісінің, электр көліктерінің және жоғары технологиялық өнеркәсіптің қарқынды дамуына байланысты әлемдік нарықта сұраныс жоғары. Жобаның жалпы инвестициялық құны 235 миллиард теңгеге бағаланып отыр. Қазір геологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп, жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде және инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселелері пысықталуда. Кәсіпорынды 2029 жылы іске қосу жоспарланған.

Сонымен қатар Шығыс Қазақстанда сирек жер металдары өндірісіне негізделген өнеркәсіптік экожүйе қалыптастыру көзделіп отыр. Оның құрамына аккумулятор өндірісі мен Өскемен қаласында толық ядролық отын циклін құру жобалары енеді.

Қазіргі уақытта өңірдің инвестициялық қоржынында жалпы құны 1,5 триллион теңгегі құрайтын 102 жоба бар. Оларды іске асыру нәтижесінде 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады деп көзделіп отыр.

Биылғы жылдың алғашқы жартыжыл-дығында бес жаңа жоба пайдалануға берілді. Олардың қатарында техникалық майлар өндіретін кәсіпорын, Майкапшағай шекара-лық өткізу бекетіндегі көлік-логистикалық орталық, қоғамдық көлік жүйесін жаңғырту, заманауи сүт-тауарлы ферма және Риддер қаласындағы қонақүй кешенін қайта жаңғырту жобалары бар.

Жыл соңына дейін тағы бірнеше ірі өндіріс орнын іске қосу жоспарланған.



ӨНДІРІСІ ӨРКЕНДЕГЕН ШЫҒЫС

Атап айтқанда, «Востокмашзавод» күю өндірісін жаңғырту, Глубокое ауданындағы май-тоңмай өндірісін кеңейту және Өскемен арматура зауытының өндірістік қуатын жаңарту көзделуде.

АУДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕНГЕЙГЕ ШЫҚТЫ

Бүгінде инвестициялық саясат ішкі нарықпен ғана шектелмейді. Маусым айында облыс әкімі бастаған Шығыс Қазақстан делегациясы Қытайда өткен «Үлкен Алтай — 2026» халықаралық конференциясына қатысты. Іс-шара аясында қытайлық компаниялармен өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы және туризм салала-рындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Өңір үшін маңызды оқиғаның бірі — Халықаралық аграрлық форум. Оған әлемнің 15 елінен келген өкілдер қатысып, түрлі салалық алаңдарда сүтті мал шаруашылығын, ет өндірісін, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және экспортты дамыту мәсе-лелерін талқылады.

Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысы Қытай Халық Республикасының Шынжаң Ұйғыр автономиялық ауданында өткен Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобының II отырысына қатысты. Кезлесу қорытындысында өзара сауда айналымын ұлғайту және инвестиция тарту бағытындағы ынтымақтастықты ке-ңейту туралы келісімдерге қол жеткізілді. Шетелдік серіктестерді тарту бағытындағы жұмыс жалғасып жатыр. Күзде өңірде Altai Invest халықаралық инвестициялық форумы өтеді. Бұл алаң Шығыс Қазақстанның ин-вестициялық әлеуетін шетелдік және отан-дық инвесторларға таныстыратын негізгі халықаралық іс-шаралардың біріне айналмақ.

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫП КЕЛЕДІ

Шығыс Қазақстан облысында Қытай Халық Республикасының Үрімші қаласына және Моңғолияға жаңа әуе рейстерін ашу пысықталуда. Өзен көлігін дамыту мақса-тында 5 айлақ кешені мен суасты қанаттары бар 3 жолаушылар кемесін сатып алу жо-спарланған. Сонымен қатар Тұғыл ауылында өзен портын салу және ұзындығы 99 шақы-рымды құрайтын «Тұғыл — Майкапшағай» теміржол желісін іске асыру көзделіп отыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірде теміржол вокзалдарын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Қазір Риддер және Шемонаиха қалаларындағы вокзал ғимараттары толық жөндеуден өтті. Осы айдың соңына дейін Алтай мен Сереб-рянск қалаларындағы вокзалдарды қайта жаңғырту аяқталса, тамыз айында Өскемен теміржол вокзалындағы жұмыстар толық мөресіне жетеді.

Сондай-ақ Ұлан ауданында «Ұлан» көлік-логистикалық кешені салынып жатыр. Жоба іске қосылғаннан кейін кешен жыл сайын 900 мың тоннаға дейін жүк, оның ішінде 326 мың контейнер өңдеуге қауқарлы болады. Инвестиция көлемі — 20 млрд теңге. Нысанның бірінші кезеңін келесі жылы пайдалануға беру жоспарланған.

Ал бұған дейін жөндеуден өткен «Өске-мен — Талдықорған», «Өскемен — Семей» және «Омбы — Майкапшағай» республикалық тасжолдарынан кейін қазіргі уақытта «Өске-мен — Рахман қайнары» тасжолын қайта жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жергілікті маңызы бар автокөлік жолдарын дамытуға және қосылған құны жоғары өнім экспорттын ұлғайтуға аударылып отыр.

Биылғы егіс науқаны шамамен 635 мың гектар алқапты қамтыды. Бұл — өткен жыл-мен салыстырғанда жоғары көрсеткіш. Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 20 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несе-берілді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту жұмыстары жалғасуда.

Өңірде жалпы құны 27 млрд теңгегі құрайтын алты инвестициялық жоба қатар жүзеге асырылып жатыр. Олардың қатарында Өскеменде жаңа сүт зауытын салу, балық шаруашылығын дамыту, көкөніс сақтау қоймаларын жаңғырту және жаңа мал шаруашылығы кешендерін іске қосу жобалары бар.

Бұл бастамалардың нәтижесі қазірдің өзінде байқалып отыр. Мал басы көбейіп, ет



пен сүт өндірісі артып келеді. Ал азық-түлік өнімдерін өндіру көлемі өткен жылдың сөйкес кезеңімен салыстырғанда 11 пайызға өсті.

Әсіресе, өнімді қайта өңдеу саласы қарқынды дамуда. Сары май өндірісі үштен бірінен астамға, ірімшік өндірісі шамамен 13 пайызға, ал ет консервілерін шығару көлемі 25 пайызға ұлғайды.

Бүгінде Шығыс Қазақстан өсімдік майын, балды, жаңа ауланған балық пен қымызды өндіру бойынша елімізде көш бастап тұр. Сонымен қатар сүт өнімдерін өндіруде жетекші өңірлердің қатарында және экспорт көлемін тұрақты түрде артты-руда. Биылғы төрт айдың қорытындысында агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспорты 22 пайызға өсіп, оның төрттен үш бөлігі өңделген өнімдердің үлесіне тиесілі болды.

БАЛАБАҚШАДАН ИНЖЕНЕРЛІК ЗЕРТХАНАҒА ДЕЙІН

Экономикалық көрсеткіштер — өңір дамуының бір ғана қыры. Ең маңызды-сы — халықтың жайлы өмір сүруіне, балаларды тәрбиелеп, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау.

Бүгінде Шығыс Қазақстан соңғы жыл-дардағы ең өзекті міндеттің бірі — мектепке дейінгі біліммен қамту мәселесін іс жүзінде шешті. 1 шілдедегі жағдай бойынша 2-6 жас аралығындағы балаларды қамту деңгейі 99,3 пайызға жетті.

Бұл көрсеткіштің артында нақты нәтиже-лер тұр. Жыл басынан бері тағы 350 орын ашылып, Өскемен қаласы мен Күршім ауданында екі жаңа жекеменшік балабақша пайдалануға берілді. Сондай-ақ облыс орталығы мен Зайсан ауданындағы мектепке дейінгі ұйымдардың мүмкіндігі кеңейтілді.

Қазір облыста 33 мыңнан астам баланы қамтитын 380 балабақша жұмыс істейді. Әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы отбасы-лардың балаларына ерекше көңіл бөлінуде. Осындай 5 мың бала мектепке дейінгі біліммен бюджет қаражаты есебінен тегін қамтылған. Биыл бұл мақсатқа 453 млн теңгеден астам қаржы бөлінді.

Білім беру саласындағы жұмыстар жа-нысандар салумен ғана шектелмейді. Тамыз айында Риддер қаласында мем-лекеттік тілде білім беретін, 600 оқушыға арналған заманауи мектеп пайдалануға беріледі. Оның құрылысын әлеуметтік жауапкершілік аясында «Қазмырыш» ком-паниясы қаржыландырып отыр. Сонымен қатар Самар ауданында 150 орындық жаңа мектеп салынды. Қазір Зайсан, Марқакөл және Күршім аудандарында тағы бес мектептің құрылысы жүргізілуде.

Білім сапасын арттыру да басты назарда. Биыл алғаш рет 6 мың оқушының басын қосқан SHYGYS BALAFEST фестивалі ұйымдастырылды. Ал жазғы демалыс кезінде 700 дарынды бала «Дарын» орталығында тынығуда. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 100 млн теңгеден астам қаражат бөлінді.

Өңірде жаңа өнеркәсіптің сұранысына ие болатын инженерлік және техникалық мамандықтарды даярлауға ерекше мән беріледі. Соның жарқын мысалы — «Лу Бань шеберханасы» жобасы.

Орталықта электрлі автокөліктерге қызмет көрсетуге арналған төрт заманауи зертхана жұмыс істейді. Мұнда әлемнің 16 елінен келген 500-ден астам студент білім алуда. Сонымен қатар орталық Allur зауы-тымен және Астана Motors компаниясымен әріптестік орнатып, студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуіне мүмкіндік жасап отыр.

Осылайша Шығыс Қазақстан индустрия-лық өңір ғана емес, жаңа буын инженерлерін даярлайтын маңызды білім беру алаңына да айналып келеді.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ: ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНАҒА БЕТ БҰРДЫ

Өңірдің әлеуметтік дамуы сапалы ден-саулық сақтау жүйесінсіз мүмкін емес. Сондықтан бұл салада да қолданыстағы нысандарды жөндеумен қатар, жаңа меди-циналық инфрақұрылымды қалыптастыруға басымдық берілуде.

Биылғы бес айдың қорытындысында туберкулезге шалдығу көрсеткіші 14,5 пайызға төмендеді. Ал онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітім шамамен 10 пайызға азайды.

Өскеменде Гематология орталығы мен 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы жалғасып жатыр. Сонымен қатар Ана мен бала орталығын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында

— Марқакөл мен Зайсан — экологиялық туризм мен табиғи аумақтарды дамыту; — «Қала — Таулар — Көлдер» (Өскемен қаласы, Ұлан және Глубокое аудандары) — демалыс күндеріне арналған жыл бойы жұмыс істейтін туристік дестинация. Биыл туризм саласын дамытуға, оның ішінде туристік нысандар мен инфрақұ-рылымға 25 млрд теңгеден астам инвестиция тарту жоспарланып отыр.

МӘДЕНИЕТ — ӨНІР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӨЛШЕГІ

Соңғы жылдары мәдени іс-шаралар тек демалыс пен ойын-сауық құралы ретінде ғана емес, туризмді, шағын бизнесті және қызмет көрсету саласын дамытатын экономи-каның маңызды бөлігіне айналып келеді.

Биыл облыста бірқатар ауқымды мәдени жоба жүзеге асырылды. Атап айтқанда, «Бұқтырма балықшысы» мұз үстіндегі балық аулау фестивалі, Showmen Fest, «Ғасырлық дәстүрлер» ұлттық мәдениет фестивалі, Sayubel Open Air музыкалық фестивалі ұйымдастырылды. Сондай-ақ алғаш рет облыстық филармонияның ашық аспан астындағы концерттері өтті.

Жылдың екінші жартысындағы мәдени күнтізбе де мазмұнды оқиғаларға толы. Жуырда 50 мыңға жуық қонақтың басын қосқан «Алтай — түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық фестивалі жоғары деңгейде өтті. Гала-концерттің басты жұлдызы — әлемге танымал әнші Димаш Құдайберген болды. Сондай-ақ республикалық «Ақтанымын Алтайдың» ақындар айтысы ұйымдастырылды.



Алдағы уақытта «Шығыс Салбурны» этномәдени фестивалі, «Аяз Ата — Ақшақар» қысқы фестивалі және дәстүрлі «Туған жер — алтын бесігім» акциясы өтеді. Бұл жобалардың барлығы мәдени мұраны сақтауға, туристер ағынын көбейтуге және өңір экономикасының жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыруға бағытталған.

ЖАЙЛЫЛЫҚ САПАЛЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНАН БАСТАЛАДЫ

Түптеп келгенде, тұрғындар өңірдің дамуын инвестиция көлемімен немесе өндірістік жобалармен ғана емес, өз қаласы мен ауылында өмір сүрудің қаншалықты қолайлы екенімен бағалайды.

Биыл Шығыс Қазақстан облысында жалпы ауданы 1 миллион шаршы метрге жуық тұрғын үй салынууда. Бұл шамамен 10 мың пәтерді құрайды.

Халықтың әлеуметтік осал санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында жалпы құны 14,5 млрд теңгені құрайтын 705 жалға берілетін пәтер сатып алу жоспар-ланған. Оның бір бөлігі «Бірқабатты Шығыс» бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

Инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары да жүйелі түрде жалғасуда. Бүгінде облыс тұрғындары сапалы ауызумен толық қамтамасыз етілген. Ендігі негізгі міндет — сумен жабдықтау және су бұру желілерін жаңарту. Биыл бұл бағытта 7,5 млрд теңге бөлініп, шамамен 309 шақы-рым инженерлік желіні қайта жаңарту жоспарланып отыр.

Жылумен жабдықтау жүйесін жаңғырту жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Жалпы құны 11,6 млрд теңгені құрайтын сегіз ірі жоба іске асырылуда. Үкіметтің қолдауымен Риддер жылу электр орталығы мен қаланың жылу желілерін күрделі жөндеу жалғасып жатыр.

Келесі жылыту маусымына дайындық қазірдің өзінде басталды. Биылғы жөндеу науқанының жалпы көлемі 28,3 млрд теңгені құрайды.

ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Шығыс Қазақстанда цифрлық кеңістікті қалыптастыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Соның бірі — әртүрлі апарат көздерінен алынған деректерді жинақтауға, өңдеуге және талдауға арналған бірыңғай Data Lake деректер қоймасы құрылып жатыр. Бұл ақпараттың шашыран-кылығын азайтып, әр сала бойынша нақты әрі жедел талдау жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Өңірлік талдау орталығы мемлекеттік органдардың деректерін бір жүйеге біріктіріп, тұрғындардың өтініштеріне жедел ден қоюға, мемлекеттік бағдарлама-лардың орындалуын бақылауға және анали-тикалық деректер негізінде тиімді басқарушы-лық шешімдер қабылдауға жағдай жасайды. Осылайша, бүгінде Шығыс Қазақстан бірнеше бағыт бойынша кешенді дамып келеді. Өңір елдің жетекші индустриялық орталықтарының бірі ретіндегі мәртебесін сақтай отырып, инвестиция тартуды, жолдар мен мектептер салуды, медициналық меке-мелерді жаңғыртуды, цифрлық технология-ларды енгізуді және жаңа туристік бағыттарды дамытуды жүйелі түрде жалғастыруда. Экономикалық өсім, инфрақұрылымды жаңғырту және адам капиталына салынған инвестициялар өңірдің ұзақмерзімді әрі тұрақты дамуының берік негізін қалыпта-стырып отыр.

АЛТЫ АПТА БОЙЫ КҮЛЛІ
ӘЛЕМНІҢ НАЗАРЫН ӨЗІНЕ
АУДАРҒАН ФУТБОЛДАН 2026
ЖЫЛҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ
МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. АҚШ,
КАНАДА ЖӘНЕ МЕКСИКА
БІРЛЕСІП ӨТКІЗГЕН ДҮБІРЛІ
ДОДАДА ИСПАНИЯ ҚҰРАМАСЫ
ЧЕМПИОН АТАНДЫ. НЬЮ-
ДЖЕРСИДЕГІ ФИНАЛДА
ИСПАНИЯЛЫҚТАР
АРГЕНТИНАНЫ ҚОСЫМША
УАҚЫТТА 1:0 ЕСЕБІМЕН
ЖЕҢІП, ТАРИХЫНДА ЕКІНШІ
РЕТ ӘЛЕМ КУБОГЫН ТӨБЕСІНЕ
КӨТЕРДІ.

Биылғы әлем чемпионаты бұрынғы турнирлерден ауқымдылығымен ерекшеленді. Алғаш рет финалдық кезеңге 48 құрама қатысып, жалпы саны 104 матч өткізілді. Командалардың көбеюі футбол географиясын кеңейтіп, жанкүйерлер бұрын әлемдік додада көп көріне бермейтін құрамалардың ойынын тамашалады. Кабо-Верде, Конго, Кюрасао секілді командалар азулы қарсыластарына лайықты қарсылық көрсетіп, турнирге ерекше әсер сыйлады.

Әлем чемпионаты басталғаннан-ақ жанкүйерлер басты жұлдеге Испания, Аргентина, Франция, Бразилия, Англия және Германия секілді дәстүрлі фавориттер таласады деп болжаған еді. Алайда алаңдағы ойын барлық болжамның бірдей орындала бермейтінін тағы көрсетті. Германия 1/16 финалда Парагвайға пенальти сериясында жол берсе, Бразилия құ-

АЛА ДОП АЛАМАНЫ АЯҚТАЛДЫ



рушылық жоғары болды. Бір жағында допты бақылауға, қысқа әрі дәл паска негізделген испандық футбол тұрса, екінші жағында тәжірибесі мол, соңына дейін күресетін Аргентина құрамасы болды. Сонымен қатар бұл кездесу футболдың екі буынының бәсекесі ретінде де қабылданды. Бір жақта 39 жастағы Лионель Месси болса, қарсы бетте өзі түлеп ұшқан Ла-Масия жарқын түлектері өнер көрсетті.

Тәуелсіз футбол сарапшысы Арғын Мұраттың айтуынша, Аргентина шешуші кездесуге үлкен матчтардың қысымын жақсы білетін, тәжірибесі мол команда ретінде шықты. Турнир бойы олар бірнеше күрделі ойыннан сүрінбей өтіп, қарсыластарына соңғы минуттарға дейін қысым жасай алды. Сондықтан финалда да Аргентинадан ойын барысын өзгертер тосын серпіліс күтілген еді. Алайда Испания қарсыласына мұндай мүмкіндік берген жоқ. Арғын Мұраттың пайымынша, испаниялықтардың басты артықшылығы допқа иелік етуде ғана емес, жалпы матчтың ырғағын басқаруда болды.

— Испания финалда асыққан жоқ, эмоцияға берілмеді және Аргентинаның қарқынына еріп кетпеді. Олар қарсыласын біртіндеп шаршатып,

Испания финалда асыққан жоқ, эмоцияға берілмеді және Аргентинаның қарқынына еріп кетпеді. Олар қарсыласын біртіндеп шаршатып, өздеріне қолайлы кеңістіктің ашылуын күтті.

соғылса, қарсыластың ойынға қайта оралуы өте қиын. Аргентина финалда соңына дейін күрескенімен, Испанияның бірізді қысымына лайықты



рамасы Норвегиядан жеңіліп, жарысты ерте аяқтады. Ал Норвегия ширек финалға дейін жетіп, турнирдің басты тосынсыйларының біріне айналды.

Испания құрамасы чемпиондық жолында тұрақты әрі сенімді ойын көрсетті. Плей-офф кезеңінде алдымен Аустрияны 3:0 есебімен ұтқан команда кейін Португалияны 1:0, Бельгияны 2:1 есебімен жеңді. Жартылай финалда Францияға қарсы өткізген кездесуде 2:0 есебімен басым түсті. Осылайша, испаниялықтар шешуші ойынға дейін қорғаныста да, шабуылда да өздерінің мықты екенін дәлелдеді. Жартылай финалда Англиядан 2:1 есебімен басым түсіп, қатарынан екінші әлем чемпионатының финалына шықты. Сондықтан Испания мен Аргентина арасындағы атық сынға қызы-

Финалдың негізгі уақытында есеп ашылған жоқ. Испания допты көбірек бақылап, қарсылас қақпасына жиі шабуылдады. Аргентина негізінен қорғанысқа көңіл бөліп, жылдам қарсы шабуыл арқылы мүмкіндік іздеді. Аргентиналық қақпашы Эмилиано Мартинес бірнеше қауіпті соққыны қайтарып, командасын ұзақ уақыт ойын ішінде ұстап тұрды. Кездесудің тағдырын қосымша уақыт шешті. 106-минутта алаңға қосалқы құрамнан шыққан Ферран Торрес бастаған нәтижелі шабуылды голмен аяқтады. Бұл финалдағы жалғыз әрі чемпиондық гол болды. Испания қарсыласынан 1:0 есебімен басым түсіп, 2010 жылдан кейін араға 16 жыл салып әлем чемпионы атанды.



өздеріне қолайлы кеңістіктің ашылуын күтті. Финалда да Испания бұған дейінгі ойындардағы негізгі ұстанымынан айнымады. Аргентина қорғаныста жинақы әрекет еткенімен, уақыт өте Испанияның жүйелі қысымы анық сезіле бастады. Ферран Торрестің голы бүкіл командалық жүйенің жемісі болды. Испания матч бойы қарсыластың қорғанысынан бос кеңістік іздеді. Ақырында сол кеңістік табылды. Финалда бір голдың өзі жеткілікті, әсіресе ол 106-минутта

жауап таба алмады. Әлем чемпионы атағын қорғау жолында олар мінез көрсетті, алайда шешуші матчта тактикалық әрі физикалық тұрғыдан Испания басым болды, — дейді ол.

Ал спорт сарапшысы Анық Көкенайұлы бапкердің Испания құрамасының жеңісіне жоғары баға беріп, бас бапкер Луис де ла Фуэнтенің ойын философиясын ерекше атап өтті.

«Луис де ла Фуэнтенің шәкірттері футболды қалай ойнау керегін бәріне үйретті. Дәл қазіргі уақытта Испания



құрамасы әлемдегі ең үздік құрама. 2024 жылы Еуропа чемпионатын жеңген. Енді, міне әлем кубогында жеңімпаз атанды. Финалда Аргентинаны барлық жағынан жеңді. Жалпы осы мундиалдағы қарсыластарына шеберлік сабағын өткізді. Азулы деген Францияның өзі өздерін таппай қалды. Руис, Родри, Ямаль, Баснаның ортадан бастаған шабуылдары кез келгеннің қорғанысын талқандай алады. Алаңды толық бақылауға алып, қарсыласқа ешқандай мүмкіндік бермейді. Алаңның кожайыны кім екенін көрсетті. Қорғанысы да сұрапыл. Бір ғана гол қақпасына кірді. Испанияның чемпиондығына ешкім шүбә келтіре қоймас. Қызыл Фурия ХХІ ғасырда екі рет әлем кубогының жеңімпазы атанған алғашқы құрама болып тарихта қалды. Бұл испандар 2008 жылы Еуроны, 2010 жылы әлем чемпионы атанған болатын. Енді, міне екінші рет сондай жеңіске қол жеткізуде. Келесі Еуроны тағы Испания алады-ау деп қоямын...», — деген пікірін білдірді.

Испанияның жеңісін бір футболшының ғана еңбегі деп айтуға болмайды. Команданың басты күші бірлігі мен жүйелі ойыны болды. Бас бапкер Луис де ла Фуэнте әр футболшының мүмкіндігін тиімді пайдаланып, жұлдызды есімнен гөрі ортақ тәртіпке сүйенді. Испания финалда допқа 65 пайыз иелік етіп, қарсылас қақпасына 12 дәл соққы бағыттады. Турнир қорытындысында Испания құрамасының жартылай қорғаушысы Родри әлем чемпионатының үздік ойыншысы атанып, «Алтын доп» жүлдесін иеленді. Үздік қақпашыға берілетін «Алтын қолғап» Испания қақпашысы Унаи Симонға табысталды. Ол жарыс барысында жеті кездесуде қақпасына гол жібермеді. Үздік жас ойыншы атағын испаниялық Пау Кубарси алды. Ал турнирдің ең үздік сұрмергені Франция шабуылшысы Килиан Мбаппе болды. Ол әлем чемпионатында 10 гол соғып, екінші рет қатарынан «Алтын бутсы» жүлдесін жеңіп алды. Мбаппе бұл көрсеткіш бойынша сегіз гол соққан Лионель Мессиді артта қалдырды.

Биылғы додада үлкен футболдағы буын алмасуы да анық байқалды. Лионель Месси бастаған тәжірибелі ойыншылар әлі де жоғары деңгейде өнер көрсете алатынын дәлелдесе, Ламин Ямаль, Пау Кубарси секілді жастар әлем футболының болашағы кімдердің қолында екенін көрсетті. Финалдан кейін Месси мен Ямальдың қушақтасқан сәті өткен дәуір мен жана кезеңнің символындай әсер қалдырды.

Ал Испания үшін бұл чемпиондық кездейсоқ келген жеңіс емес. Команда 2024 жылғы Еуропа чемпионатындағы табысын жалғастырып, екі жылдан кейін әлем кубогын иеленді. Испания допты қадірлейтін, тәртіпке және командалық ойынға негізделген футболының әлі де нәтижелі екенін дәлелдеді. Осылайша, бір айдан астам уақытқа созылған футбол мерекесі аяқталды.

Сымбат БЕГІМБАЙ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(771) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4765
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,